



№7-8 (184-185)
тамыз-қыркүйек
2019 жыл

QYZDAR YNIVERSITETI



2003 жылғы
сәуір айынан
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖАСТАР ГАЗЕТІ



www.kazmkpu.kz



E-mail: kyzdaruniversity@gmail.com



facebook.com/kyzdaryniversiteti



qyzdar_universiteti



vk.com/qyzdaruniver

Университет ректоры Гаухар Алдамбергенованың Ұстаздар күнімен құттықтауы

Құрметті әріптестер!

Аяулы ұстаздар мен университет ардагерлері!
Баршанызды кәсіби мерекелеріңіз – Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздер Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының жас ұрпаққа білім беру бойынша тапсырмасын орындауға зор үлес қосып келесіздер.

Ұстаз – әлемдегі ең мәртебелі мамандық. Бүгінде бұл атаулы дата шын мәнінде жалпыхалықтық мерекеге айналды. Себебі ұстазға деген құрмет, мұғалімге деген қамқорлық Қазақстан үшін елдік ұстаным әрі мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігі.

Қазіргі күнде ұстаздар ұстаханасына айналған университетімізде 700-ге жуық оқытушы болашақ педагог кадрларды даярлауға елеулі үлес қосып, маман даярлап келеді.

Сіздердің қызметтеріңіз – қоғамдағы ең құрметті де қадірлі кәсіптің бірі. Өйткені ұстаз ғана ең жақсы адами қасиеттерді бойына сіңіре отырып, өз шәкірттерінің жүрегінде білімге деген сарқылмас ынта-ықыласты оятады. Ұстаз ғана оқушы зердесіне асыл құндылықтарды дарытып, білімнің басты бағдары, ұрпақтың бағбаны бола алады.

Білімді ұрпақ – Мәңгілік Елдің болашағы. Мәңгілік Ел болу дегеніміз – бәсекеге қабілетті, зияткер ұлт болу деген сөз. Таным деңгейі жоғары ұрпақ тәрбиелеу – біздің ұжымның басты міндеті. Ал, жас ұрпақтың міндеті – білімді азамат атанып, ұлы Абай айтқандай, Мәңгілік Елдің «бір кірпіші болып қалану».

Құрметті әріптестер!

Ұлы француз ойшылы Жан Жак Руссо «Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, өзгенің уақытын аялау» деген екен. Олай болса үлкен жауапкершілік пен сабырлылықты талап ететін еңбектеріңіз үшін шынайы алғысымды білдіремін!

Баршанызды мерейлі мерекемен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасыларыңызға баянды бақ пен береке, ел игілігі жолындағы еңбектеріңізге толайым табыс тілеймін!

Поздравление ректора университета Гаухар Алдамбергеновой с Днем учителя

Уважаемые коллеги!

Уважаемые преподаватели и ветераны университета!
От всей души поздравляю всех вас с профессиональным праздником – Днем учителя!

Своим трудом вы вносите большой вклад в реализацию задачи Президента Республики Казахстан Касым-Жомарт Кемеловича по воспитанию подрастающего поколения.

Преподаватель – самая престижная профессия в мире. Сегодня по праву эта дата превращается в национальный праздник. Этому причина – уважение и забота об учителе. Это позиция всей страны и важная часть государственной политики.

В настоящее время в нашем университете – «кузнице учителей» трудятся около 700 преподавателей, которые вносят значительный вклад в подготовку будущих учителей, в результате чего из стен университета выходят настоящие профессионалы.

Ваша профессия – одна из самых почитаемых и уважаемых профессий в обществе. Так как учитель проявляет только лучшие человеческие качества и зажигает неиссякаемый энтузиазм к обучению в сердцах своих учеников. Именно учитель может стать для подрастающего поколения источником знаний, одновременно прививая им нравственные ценности.

Образованное новое поколение – будущее нашей страны – Мәңгілік Ел. «Мәңгілік» с казахского языка означает быть нерушимым, для этого общество должно быть высококонкурентным и интеллектуальным. Воспитание высокообразованного поколения – основная задача нашего коллектива. В свою очередь задача молодого поколения – стать «образованными гражданами», как говорил великий Абай: «стать кирпичиком» нашего общества, общества – Мәңгілік Ел.

Уважаемые коллеги!

Великий французский мыслитель Жан-Жак Руссо говорил: «Быть учителем – значит жертвовать своим временем, при этом экономя время других людей». Большое спасибо вам за вашу работу, которая требует большой ответственности и спокойствия!

Поздравляю всех вас с этим замечательным праздником и желаю крепкого здоровья, счастья и благополучия вашим семьям, успехов вам на трудовом поприще во благо страны!

АҢДАТПА

QYZDAR LIFE

ӨНЕРТАБЫС ПАТЕНТІНЕ ИЕ БОЛДЫ

3-бет



QAZYNA

ТҮРКІСТАННЫҢ ЕҢ ҰЛЫҚ АҚЫНЫ – АБАЙ


4-бет



PARASAT

КҮЙДІҢ ҚҰДІРЕТІН ТҮСІНДІРДІ

5-бет



WEEKEND

ҚАЙ ЖАСТА ТҰРМЫС ҚҰРҒАН ДҰРЫС?

8-бет



MEDIA



БІЗДІ TWITTER-ДЕ ОҚЫ!

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Twitter желісінде ресми парақшасы ашылды. Онда оқу орны туралы ақпараттар, білім-ғылым саласындағы елеулі жаңалықтар мен маңызды хабарландырулар күнделікті қазақ және орыс тілдерінде жарияланбақ.

Қыздар университетінің баспасөз хатшысы – Баспасөз және қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы Жандар Асанның айтуынша, басты мақсат – педагогикалық білім ордасы туралы кеңінен ақпарат тарату, қоғаммен байланысты арттыру.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жақында өңір әкімдеріне жұртпен етене байланыс орнату үшін заманауи байланыс құралдарын ұтымды пайдалануға, яғни халықпен кері байланыс орнату мақсатында әлеуметтік желілерде белсенді болуға шақырған болатын. Бүгінде Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің көпшілік көп шоғырланған желілерде ресми парақшалары ашылып, ол тұрақты әрі сапалы жүргізілуде. Бұдан өзге парақшаларға күнделікті мониторинг жүргізіліп отырады. Бұл – оқу орны туралы нақты әрі дұрыс ақпарат алуға септігін тигізеді», – деп атап өтті Жандар Асан.

Айта кетейік, университеттің сондай-ақ Facebook, Instagram мен Вконтакте желілерінде ресми парақшалары және Telegram мессенджерінде чат-арнасы бар. Қазіргі күнге дейін аталған желілерге жазылғандардың жалпы саны 5 мыңнан астам адамды құрайды. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қызметі туралы қоғамды ақпараттандыру мақсатында оқу орнының ректоры Гаухар Алдамбергенова 2019 жылғы шілде айында Facebook, Instagram және Twitter желілерінде ресми парақшаларын ашты. Бүгінгі күнге дейін аталған желілерге жазылғандардың жалпы саны екі мыңнан астам.

KÓKEIKESTI

УНИВЕРСИТЕТ ҚАПТАҒАН, ҚАЙДА МАМАН МАҚТАҒАН?

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРІ ЕЛЖАН БІРТАНОВТЫҢ:

«ҚАТЕ ДИАГНОЗ ҚОЙҒАН ДӘРІГЕРЛЕР ҚАТАҢ ЖАУАП-КЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛМАУЫ ТИІС» ДЕП КЕСІП АЙТҚАН СӨЗІ ЕСІМІЗДЕ. БҰЛ СӨЗІМЕН МИНИСТР АҚ ХАЛАТТЫЛАРДЫ АҚТАП АЛҒЫСЫ КЕЛГЕН ШЫҒАР. ДҰРЫС-АҚ ДЕЛІК. ОЛАРДЫ ҚАТАҢ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТУ МЕДИЦИНА САЛАСЫНА КЕРІ ЫҚПАЛ ЕТУІ ЫҚТИМАЛ. СЕБЕБІ ДӘРІГЕРЛЕРДІ ҚАТЕЛІГІ ҮШІН СОТТАЙ БЕРЕТІН БОЛСА, ЖАСТАР ДӘРІГЕР БОЛУДАН ҚОРҚЫП, АДАМ ЕМДЕЙТІН МАМАН ТАПШЫ БОЛЫП ҚАЛУЫ МҮМКІН. МИНИСТРДІҢ ҚАУПІ – ОСЫ.

ТОЛЫҒЫРАҚ 6-БЕТТЕ.



QAZYNA



ҰЛТТЫҢ ҰЛЫЛЫҒЫН ҰЛЫҚТАЙДЫ

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде «Ұлы дала тарихы» атты оқулық жарық жарық көрді. «Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалары аясында шыққан ғылыми еңбек екі кітаптан тұрады. Оқу құралында Ұлы дала тарихының ежелгі дәуірден XX ғасырдың басына дейінгі кезеңдегі оқиғалары мен құбылыстары және рухани мәдениет аясындағы ұлттық құндылықтар мәселесі қамтылған.

Толығырақ 2-бетте.

BASTAMA

КІТАП ОҚЫТУДЫҢ ТЫҢ ТӘСІЛІ

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің бастамасымен құрылған Қазақстанның жас педагог ғалымдары Қауымдастығы «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында жарық көрген кітаптарды кеңінен насихаттау мақсатындағы бастаманы қолға алды. Атап айтқанда, жас ғалымдар бүгінге дейін аударылған 30-ға жуық еңбекті оқып, талқылау үшін аталған ұйымның мүшелігіне кіретін жоғары оқу орнының I-курс студенттеріне эстафета жолдамақ.

Толығырақ 2-бетте.



ÝNIVERSITET

JAŇALYQTARY

AQJOLTAI



KOLLEDJ AShYLDY

Qazaq ulttyq qyzdar pedagogikalыq ýniversitetiniń janyнан Kásiби bilim berý kolledji ashıldı..

Орта арнаýлы оқы орны 2019-2020 оқы жылына 9 және 11 synpyty bitirýshi talapkerlerdi «Mektepkе deingi tárбие және оқыты» (Biliktiligi: «Tárbieshiniń kómekshisi», «Mektepkе deingi uymdardyń tárbieshisi»), «Bas-tayysh bilim berý» (Biliktiligi: «Tárbieshiniń kómek-shisi», «Aǵylshynsha bilimi bar bastayysh bilim berý muǵalimi») mamandyqtary boıynsha qabyldaý júrgizýdi bastady.

Kolledj stýdentteri Almaty qalasynдағы орта және орта арнаýлы bilim berý uymdary мен balabaqshalarda praktikanadan ótip, ári qarai jumysqa ornalasa alady.

kazmkpu.kz

ǴYLYM



ÝNIVERSITETTE

ǴYLYM BAR MA?

«Qazaqstannyń ǵylymı jýrnaldary: bolmysy men damý keleshegi». Osyndai taqyrypta Qazaq ulttyq qyzdar pedagogikalыq ýniversitetinde ǵylymı jýrnal redaktorlary men avtorlary úshin seminar ótti.

Shara oqý ornynyń Ǵylymı jumys және innovatsıualar jónindegi departamenti мен Clarivate Analytics hal-yqaralyq kompanıasyмен birlesip uymdastyryldy.

Basqosýdy Qyzdar ýniversitetiniń Strategialыq damý және halyqaralyq baılanystar jónindegi prorektory Lázzat Bólebaeva ashyp, júrgizip otyrdy. Jıyn barysynda Clarivate Analytics kompanıasynyń aqparattыq-analitikalыq resýrstar boıynsha halyqaralyq sarapshysy Irina Tihonkova «Web of Science Core Collection-dағы jýrnaldy tańdaý protsedýrasy және sapaly ǵylymı basylıymnyń kriterileri» taqyrybynda prezentatsıa jasady. Ykrainalыq ǵalym óz sózinde otandyq jýrnal-dardyń damýy ǵylymnyń ilgerileýi úshin úlken mańyzға ie ekendigin atap ótti. Sondai-aq ol ǵylymı jýrnaldardyń shyǵý tarhyna toqtaldy.

kazmkpu.kz

IGILIKTI IS



QAIYRYMDYLYQ

JASADY

Qazaq ulttyq qyzdar pedagogikalыq ýniversiteti «Mektepkе jol» respýblikалыq aktsıasy aıasynda qaiyrymdylyq jasady.

Oqý орны аз qamtyлған, kópbalaly және turmysy tómen otbasylardyń balalaryn, ata-anasynyń qam-qorlyǵynсыз qalған oqyshylardy mektepkе qajetti qural-jabdyqtar мен kım-keshekpen qamtamasyz etti. Mundai kómek 40-qa júyq otbasyға kórsetilgen. Bir bul ǵana емes. Ýniversitet basshylyǵynyń qoldauýymen «Baqytty otbasy – Almaty» qoǵamdyq qoryna qarajat aýdaryldy. Nur Otan partııasy Almaty qalalыq filialynyń bastamasymen quryлған qor turmysy tómen kópbalaly, аз qamtyлған otbasylarға kómek qolyn sozý maqsatynda ashылған.

Osy oraıda aıta keteik, Qazaqstan Respýlikasynyń Bilim және ǵylym ministri Ashat Amaǵambetov qazaqstandyqtardy «Mektepkе jol» aktsıasy aıasynda qaiyrymdylyq jasaýға shaqyrған bolatın.

kazmkpu.kz

QAZYNA

Ұлттың ұлылығын ұлықтайды

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде «Ұлы дала тарихы» атты оқулық жарық жарық көрді.

Ақкербес НҰРЛАН,
«Qyzdar Ýniversiteti»

«Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалары аясында шыққан ғылыми еңбек екі кітаптан тұрады. Оқу құралында Ұлы дала тарихының ежелгі дәуірден XX ғасырдың басына дейінгі кезеңдегі оқиғалары мен құбылыстары және рухани мәдениет аясындағы ұлттық құндылықтар мәселесі қамтылған.

«Жастарға төл тарихымыздың шынайы беттерін ашып беру үшін ұсынылып отырған бұл оқулықтың өзіндік ерекшеліктері бар. Атап айтқанда, «Ұлы дала тарихы» Қыздар университетінің білім беру бағдарламасы бойынша 1-курс студенттеріне оқытылатын әктивті пәнге арналған қазақ тілінде жарық көрген алғашқы оқу құралы. Ол типтік бағдарлама негізінде дайындалып, арнайы ғылыми әдістемелік сараптамадан өткізілген», – дейді кітап авторларының бірі, тарих ғылымдарының кандидаты Ердаулет Берлібаев.

Оқулықтың хронологиялық шеңбері Қазақстан тарихы бойынша қалыптасқан тарихи кезеңдермен анықталған. Дегенмен тарихи кезеңдердегі ұлттың өзіндік ерекшелігін айғақтайтын оқиғалар мен

құбылыстарға баса көңіл аударылған. Сондай-ақ авторлар оқиғалар мен көріністерді қазіргі заманмен және шынайы қоғамдық өмірмен байланыстыруды басты назарға алыпты. Өскелең ұрпақтың тарихи санасын, отаншылдық сезімін қалыптастырудың және мемлекеттік саясатты қолдаудың өзіндік идеологиясы мен идеясы да қамтылған.

Осы орайда айта кетейік, өткен жылы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің оқу үдерісіне «Ұлы дала тарихы» пәні енгізілген болатын. Таңдау пәнінің мақсаты – Қазақстанның ежелгі дәуірден XX ғасырдың басына дейінгі кезең тарихын студенттерге жүйелі түрде оқыту, Шығыс пен Батыс мәдениеттерінің диалогы ауқымындағы бүгінгі Ұлы дала тарихының қайталанбас ерекшелігі мен маңыздылығын анықтайтын ғылыми тұжырымдарды зерделеу.

Пән 15 тақырыптан тұрады. Тақырыптарда «Ұлы дала тарихы» пәні және оның рухани жаңғыру мен тарихи сананы қалыптастырудағы орны, Түркі мәдениетінің дүниетанымдық мәні және көшпенділердің әлемді түйсінуінің ерекшеліктері, Ұлы Жібек жолы, қазақ халқының этногенезі мен ұлттық коды туралы тың деректер қамтылған. Сонымен қатар Ұлы далاداғы тәуелсіздік үшін күрес, ұлттық бірлік пен бірегейлік идеялары, әскери өнердің қалыптасуы мен даму эволюциясы және Ұлы даланың ұлы тұлғалары жайындағы іргелі зерттеу еңбектер де топтастырылған.

«Пәнді оқыту барысында ұлттың өзіндік

ӘЛЕҰМЕТ

Қазақ қыздары шетелдіктерге не үшін тиеді?

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің жанындағы Әлеуметтік және гендерлік ғылыми-зерттеулер институты «Мың келбетті жастық шақ: Алматы қаласының жоғары оқу орындары студенттерінің әлеуметтік-психологиялық портреті» тақырыбында арнайы зерттеу жүргізді.

Ақкербес НҰРЛАН,
«Qyzdar Ýniversiteti»

Жобаның мақсаты – Алматы қаласындағы жоғарғы оқу орындарында оқитын студент қыздардың кәсіптік дағдыларын зерттеу арқылы олардың өмірлік құндылықтары мен ұстанымдарын анықтау. Сонымен қатар зерттеу барысында жоғарғы оқу орындарының оқу-тәрбиелік көрсеткіштеріне де талдау жүргізілді.

Институт мамандарының айтуынша, сауалнамаға Алматы қаласындағы 8 жоғары оқу орнының студенттері қатысқан. Олардың қатарында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, С. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы Менеджмент университеті, Шет тілдері және іскерлік мансап университеті, Сүлеймен Демирел университеті және М. Тынышпаев атындағы Қазақ транспорт және коммуникация академиясы бар.

Әлеуметтік зерттеу барысында студенттердің жоғары оқу орнын таңдауы, білімге деген көзқарасы, кәсіптік бағдарға, бюджет көздеріне, саяси бағдарлауға, бос уақыты өткізуге, әлеуметтік сәйкестілікке, некеге тұруға, репродуктивтік және гендерлік бағдарламаға қатысты сұрақтар қамтылды.

«Бүгінде жастар психологиясының тұрақсыздығынан, қоғамда өз орнын таба алмауынан, білім және діни сауатының төмендігінен, еңбек нарығында шеттетілуінен және бос уақытының көптігінен олқылықты жайттарға тап болады. Зерттеу барысында жастардың, соның ішінде қыздардың мәдени, рухани өміріне жете мән беріліп, толыққанды тұлға тәрбиелеу және олардың өз істерін ашу бағытында қандай істер атқарылуы тиістігі ескелді», – дейді Әлеуметтік және гендерлік ғылыми-зерттеулер институтының мамандары.

Респонденттер «Бұл мамандықты не үшін таңдадыңыз?», «Үш тілділік идеясына қалай қарайсыз? Ағылшын тілін оқытудың сапасы қанағаттандыра ма? Ағылшын тілін оқу барысында қандай қиыншылықтарға кез болдыңыздар?», «Университет дипломы қыздарға ма, әлде ұлдарға маңыздырақ па? Гендерлік таптаурын мәселесі жағынан талдау жасасaq? «Университет дипломын алғаннан кейін ер адамдарға жұмысқа тұру қыздарға қарағанда жеңілдеу ме? Әлде екеуіне де тең дәрежеде ме?», «Әлеуметтік белсенділік бізге не береді? Ол не үшін қажет?», «Білім алу ата-ананың қаражатына байланысты ма немесе мүмкіндік болса басқа оқу орнын таңдайтын ба едіңіз?» сынды сауалдар төңірегінде өз ойларымен бөлісті.

«Шетел азаматына тұрмысқа шығу. Бұл дұрыс па?» деген сұраққа бойжеткендердің басым бөлігі бұны құптамайтынын айтты. Нәзікжандылардың пайымдауынша, қыздар шетелдік азаматқа әлеуметтік жағдайын түзету үшін жар болады. Ал сауалнамаға қатысушылардың бір тобы отбасылық бақыт ұлтқа немесе дінге байланысты емес деген пікірде.

«Сауалнамаға мыңға жуық бойжеткен қатысты. Оны жүргізу үшін Қыздар университетінде арнайы 9 фокус топ ұйымдастырылды. Осы тәкілеттес сауалнама алдағы уақытта жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылары мен қызметкерлерінің арасында жүргізілмек», – деп атап өтті жоба авторлары.

MEDIA

БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті туралы 2019 жылдың маусым, шілде және тамыз айларында халықаралық, республикалық және аймақтық бұқаралық ақпарат құралдарында оқу орны туралы жарық көрген имидждік жарияланымдар мен профессор-оқытушылардың авторлық мақалаларының көрсеткішінің мониторингі. Тамыз айында БАҚ-қа жалпы саны 58 жарияланым шықты. Оның ішінде Баспасөз және қоғаммен байланыс бөлімі – 53, профессор-оқытушылар мен қызметкерлер – 0. Жарияланымдардың 51 -і – қазақ тілінде, 7 -і – орыс тілінде.

«KAZTUBE.KZ» бейне-порталы
«Білім қызметкерлерінің Тамыз кеңесі немесе былғы жиынның басты ерекшелігі»

Быылғы білім қызметкерлерінің дәстүрлі Тамыз кеңесіне қандай мәселелер арқа болады? Отандық білім беру жүйесінің алдында қандай міндеттер тұр? Білім сапасын арттыру бағытында не істеу керек? Сондай-ақ Қазақстанда қыздарға біліммен қатар тәрбие беру мәселесіне қаншалықты мән беріліп отыр? Осы және өзге де сауалдарға Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ректоры Гаухар Алдамбергенова жауап береді.

16.08.2019

«EGEMEN QAZAQSTAN» газеті
«Қыздар университетінің құрылғанына – 75 жыл»

Бүгін Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің құрылғанына 75 жыл толды, деп хабарлайды оқу орнының баспасөз қызметінің жетекшісі Жанدار Асан.

BASTAMA

Кітап оқытудың тың тәсілі

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің бастамасымен құрылған Қазақстанның жас педагог-ғалымдары Қауымдастығы «Жана гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жана оқулық» жобасы аясында жарық көрген кітаптарды кеңінен насихаттау мақсатындағы бастаманы қолға алды.

Ақнұр ШЕРХАНҚЫЗЫ,
«Qyzdar Ýniversiteti»

Атап айтқанда, жас ғалымдар бүгінге дейін аударылған 30-ға жуық еңбекті оқып, талқылау үшін аталған ұйымның мүшелігіне кіретін жоғары оқу орнының 1 курс студенттеріне эстафета жолдамақ.

Қауымдастық төрайымы Мөлдір Абдраймованың айтуынша, эстафетаға қатысу үшін студенттер қазақ тіліне аударылған кітаптардың бірін оқып, мазмұнына орай бейнебаян түсіруі керек. Сондай-ақ бейне материалды Facebook желісіне Қыздар университетінің Qyzdar Üniversitesi ресми парақшасын белгілей отырып жүктеу қажет.

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің табалдырығын биыл аттаған студенттер «Көпке ұмтылған жалғыз» кітабын оқып, аталған еңбектің мазмұнымен толық танысып шықты. Оны талқылау мақсатында жиындар мен пікір алмасулар да өткізілді. Сонымен қатар «Qyzdar Üniversitesi» газетіне мақалалар жазып, адамзат дамуының көкжиегіне жол ашатын оқулықтардың ерекшелігіне шолу жасады. Біздің көздегіміз бұл игілікті іске өзге де жоғары оқу орындарын тарту. Осы арқылы жастарға дүниежүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуына мүмкіндік жасау», – деп атап өтті Мөлдір Абдраймова.

Эстафета соңында барлық бейне материал жинақталып, соның негізінде шағын фильм жарық көрмек. Ол Қазақстанның жас педагог-ғалымдарының үшінші слеті қарсаңында көпшілік назарына ұсынылмақшы.

Қазіргі таңда қазақ тіліне аударылған кітаптар мен жоғары оқу орындарының тізімі түзіліп, бейнебаянды түсіретін нақты мерзімі бекітілген.

Айта кетейік, былтыр Қазақстан жас педагог-ғалымдардың бірінші республикалық слеті қарсаңында отандық жас педагог-ғалымдардың Қауымдастығы құрылды. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ректоры Гаухар Алдамбергенованың идеясымен құрылған ұйым мемлекет пен қоғам дамуына белсенді қызмет ететін, жаңаша тұрғыда ойлай алатын жаңашыл жастарды біріктіріп, олардың диалог алаңын құруды мақсат тұтады. Бүгінде дейін аталған Қауымдастықтың ұйытқы болуымен бірнеше жобалар сәтті жүзеге асырылды.



Іргелі білім ордасы осыдан 75 жыл бұрын, яғни 1944 жылғы 15 тамызда ҚазССР Халық Комиссарлар Кеңесінің қазақ қыздарынан жоғары дәрежелі мамандар даярлау туралы №457 қаулысы негізінде институт болып ашылды.

15.08.2019

«TENGRINEWS.KZ» ақпарат агенттігі
«Алматылық ұстаздар гуманитарлық көмек көрсетті»
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ұжымы Арыста болған жарылыстан зардап шеккендерге арнайы гуманитарлық көмек жеткізді. Бұл туралы университеттің ресми өкілі – баспасөз қызметінің жетекшісі Жандар Асан мәлімдеді, – деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі.

26.06.2019

«ХАБАР 24» телеарнасы
«Ежегодный симпозиум тюркологов прошел в столице Азербайджана»
Шестой Международный симпозиум по изучению тюркского мира прошел в столице Азербайджана Баку, сообщает корреспондент «Хабар 24». Участие в нем приняли около 400 ученых, общественных и государственных деятелей из Казахстана, Турции, Азербайджана, Кыргызстана, Узбекистана и других стран. Делегаты обсудили вопросы культуры, истории, языка и литературы тюркских народов.

14.06.2019

«ХАБАР» телеарнасы
«Специальный кабинет психолого-педагогической коррекции открыт в ЖентПУ»
Чтобы у детей с особыми потребностями были равные возможности со своими сверстниками, в Казахском национальном женском педагогическом университете открыли специальный кабинет психолого-педагогической коррекции.

06.09.2019

ҚЫСҚА-НҰСҚА: Қыздар университетінің Telegram мессенджерінде чат-арнасы ашылды.

ǴYLYM

Өнертабыс
патентіне ие болды

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің жас ғалымдары «BiO,1DyO,9MnO3 құрамды висмутпен допирленген диспрозий манганитін алу жолы» атты патентке ие болды.

Асылай НҰРДӘУЛЕТ,
«Qyzdar Ýniversiteti»

Иновациялық өнертабыс нанокұрылымды бейорганикалық материал синтездеп алғаны үшін беріліп отыр.

Химия ғылымдарының докторы, профессор Мұхаметқали Матаевтың жетекшілігімен Жаратылыстану факультетінің оқытушылары Жанар Тұрсынова, Мөлдір Абдраймова мен Әсел Кездікбаева бірнеше жылдан бері оқу орнындағы Кешенді химия-биологиялық ғылыми-зерттеу орталығында тәжірибе жүргізіп келеді. Табанды еңбек пен ізденіс босқа кеткен жоқ. Ғылыми ортада мойындалды, айтарлықтай нәтижеге қол жеткізді.

Ғалымдар алдағы уақытта да осы тараптағы зерттеулерін жалғастыратындығын айтады. Оған университеттің материалдық-техникалық базасы толық мүмкіндік береді.

«Өнертабыс перовскит құрылымы бар жаңа қатты ерітінділерді алу технологиясына жатады және химиялық өнеркәсіпте қолданыс табады. Сонымен қатар ол спинтроника элементтерін жасау кезінде және ақпаратты жазатын магниттік тасымалдағыштардың тығыздығын арттыру үшін пайдаланылады», – дейді ғалымдар.

Бұл ғылыми топ иеленген екінші патент. Ғалымдар бұған дейін «YbBiNaFeO5 құрамды висмутты – ферритті алу жолы» атты өнертабысқа ие болған еді. Ол нанокұрылымды бейорганикалық материалды синтездеп алғаны үшін берілген.

TOPJARǴAN

Жүзден жүірік шықты

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Өнер және мәдениет факультетінің 3-курс студенті Ардақ Сексенбаева Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қорының шәкіртақысына ие болды.

Асылай НҰРДӘУЛЕТ,
«Qyzdar Ýniversiteti»

Үздік оқу үшін Қазақстандағы 80 студент жыл сайын қордың жеке стипендиясын алады. Биыл байқауға 350-ден астам өтінім келіп түскен. Олардың қатарында Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе, Қарағанды, Қаскелең, Қокшетау, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Петропавл, Семей, Түркістан, Өскемен және Шымкент қалаларындағы жоғары және орта арнаулы оқу орындарының студенттері бар.

Сайысқа қатысушылардың жақсы академиялық көрсеткіштері ғана емес, сондай-ақ оқу орнының ғылыми және шығармашылық өміріндегі белсенділігі де назарға алынды. Стипендиаттар өз жетістіктерін екі жылдық оқу кезіндегі GPA жоғары балл алған транскриптермен, сертификаттармен, дипломдармен, мақалалармен және ғылыми конференциялардағы баяндамалармен растады.

«Студенттік стипендия конкурсы Елбасы қорының негізгі бағыттарының бірі. Ол елдің дарынды жастарын анықтау және қолдау үшін жүзеге асырылады. Жарыс әділ өтті. Нәтижесінде дарынды да шығармашыл 80 студент анықталды. Енді оқу жылы бойы конкурстың жеңімпаздары ай сайын стипендия алады. Қордың мұндай қолдауы студенттердің еңбегін лайықты бағалау ғана емес, сонымен қатар алға ұмтылуға дем береді. Бұл мектептегі, ғылыми зерттеулердегі және шығармашылықтағы жаңа биіктерді бағындыруға нақты ынталандыру. Қордың байқауларына қатысу студенттердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға септігін тигізеді деп есептеймін», – дейді қордың Алматы қаласындағы өкілдігінің директоры Сергей Токтаров.

Байқауда топ жарған Ардақ Сексенбаева бүгінде Қыздар университетінің «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша білім алады. Бойжеткен ғылыми және шығармашылық тұрғыдан белсенді. Оқу орнында ұйымдастырылатын халықаралық, республикалық жиындар мен конференцияларда баяндама жасап, түрлі білім сайыстарында үздік атанып келеді.

• ОЙ

Дәурен АБАЕВ,
Ақпарат және қоғамдық даму министрі

«Рухани жаңғыру» – бәзбіреулер ойлайтындай дәстүрлі мәдениеттің қайта өрлеуі емес. Көне заманды консервациялау шараларының жоспары да емес. Бұл – ұқыптылық, еңбекқорлық, аға-көкеге жүгінбей, өз күшіне сену, үнемі бәсекеге қабілетті болу және өзін-өзі жетілдіру сынды жаңа дәуірдегі өзекті құндылықтарды енгізу».

ÁDEBIET

Ахаң мұрасы насихатталды

«Қазақстан Республикасында мереке күндер тізбесін бекіту туралы» үкіметтің қаулысына сәйкес Қазақстан халқы тілдері күні ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орайластырылып 5 қыркүйекте атап өтіледі. Осыған орай Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының ұйымдастыруымен «Мемлекеттік тілдің жаңа белесі» атауымен тіл апталығы өтті.

Ақнұр ШЕРХАНҚЫЗЫ,
«Qyzdar Ýniversiteti»

Апталық шеңберінде кафедра оқытушылары Қыздар университетінің магистранттары мен докторанттарына «Латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің жаңа белесі» тақырыбында семинар-тренинг өткізді. Басқосуда ғалымдар білімгерлерге латын әліпбиіне көшу мәселесі, емле ережелері туралы толық мәлімет беріп, жаңа әліпбимен жазуға машықтандырды. Қазақ алфавитін латын графикасына көшіру жөніндегі орталықта ұйымдастырылған шарада жиналғандар латын әліпбиіне көшудің маңыздылығы жайында пайымды пікірлерімен де бөлісті.

Сондай-ақ ұлт қайраткері, ақын, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай оқытушылар мен студенттер ұлт ұстазының музей-үйіне барып, ғалымның өмірімен, ғылыми мұрасымен етене танысты. Тіл білімінің негізін салған тұлғаның Алматы қаласындағы үйі 1993 жылы ұйымдастырылған. Музей-үй 1 жарым қабатты, төрт бөлме және бір бөлмелі жертеледен тұрады. Үшеуі – көрме залы, бір бөлме – ахметтану дәрісханасы. Жертөле – музей мен қоғамдық қор қызметкерлерінің кеңсесі. Музей үйдің қорында ғалымның өмірі мен шығармашылығына қатысты 500-ге жуық деректі ресми құжат, 300 мемлекеттік мұрағаттан алынған теленұсқалық құжат, 12 жеке суреті мен 27 ұжымдық деректі суреті бар.

Сонымен қатар апталық аясында ұйымдастыруға көшбасшылық дәрістерге белгілі ғалымдар шақырылды. Атап айтқанда Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мұражай-үйдің басшысы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті Райхан Имаханбет ұлт қайраткерінің өнегелі жолын ұлықтау мақсатында оқу орнының студенттеріне дәріс өткізді.

Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультетінің Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасы мұрындық болған жиынды факультет деканы Жанар Қиынова ашып, халқымыздың маңдайына біткен атпал азаматтарды ардақтау – өскелең ұрпақ үшін үлкен маңызға ие екендігін атап өтті.

Келеді басқосуда Райхан Сахыбекқызы ұлт арқылы жеткізді.

Іс-шара соңы білімгерлер дайындаған әдеби кешке ұласты. Онда бойжеткендер Ахмет Байтұрсынұлының өлендері мен мысалдарын нақышына келтіре жатқа оқыды.

Кездесу барысында Райхан Имаханбет Қазақ тілінің теориясы мен әдістемесі кафедрасы жанынан ашылған «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы зертхананың» кітапхана қорына ғалымға арналған фотожинақ, музейге арналған ғылыми жинақ пен Алаш арыстарына арналған «Бес арыс» атты анықтамалық көрсеткіш кітаптарын сыйға тарты.

Ғалымға Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі Тыныштық Ермекова Қыздар университетінің ұжымы мен студенттері атынан ризашылығын білдіріп, осы тақілеттес жиындар алдағы уақытта өз жалғасын табатынын айтты.

Балжан КӘДІРБЕК,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мұражай-үйдің қызметкері,

Ботакөз НҰРЖАНОВА,
Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, PhD доктор

MÁSELE

Аулаға бардым.
Не көрдім?

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде «Аулаға асығыңыз!» атты әлеуметтік жоба бастау алды.

Динара ЕГЕМБЕРДІ,
«Qyzdar Ýniversiteti»

Оқу орныныңректоры Гаухар Алдамбергенованың бастамасымен қолға алынған жобаның мақсаты – ұрпақтар сабақтастығын дәріптеу, ұлттық ойындарды ұлықтау. Алматы қаласының ауалары мен ойын алаңдарында жүзеге асырылатын іс-шара жеткіншектердің заманауи гаджеттер мен компьютерлерге деген тәуелділігінен арылтуға үлес қосуды да көздейді.

Бір бұл ғана емес. Жоба «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде пайдалануға берілген оңтүстік астанадағы спорт пен аула алаңдарын тиімді пайдалануға өз септігін тигізбек.

Алмалы ауданының әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылған шараның алғашқы күні белгілі өнер майталманы Сәкен Майғазиев жетекшілік жасайтын «Smart» өнер мектебінің оқушылары, танымал блогерлер мен Қыздар университетінің ұжымы мектеп жасындағы жеткіншектерге асық атуды, ләңгі тебуді үйретті. Өзге де ұмыт бола бастаған ойындармен таныстырды.

Ұйымдастырушылар ұлттық ойындарды ұлықтау – қазақты әлемге танытудың бір үлгісі деп пайымдайды.

«Қазіргі күнде асық ойнаған, ләңгі тепкен немесе осы тақілеттес дененің шынығуына пайдасы мол ойындарды ойнап жүрген балаларды үнемі

• ПІКІР

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ,
Халықаралық Түркі академиясының президенті

«Түркі әлемін алып бәйтерек десек, осы қасиетті дарактың дара тамырлары ғасырлар мен дәуірлердің терең қойнауынан нәр алады. Әр замандағы түркі дарабоздары дүйім дүниені жасампаздықпен жаңғыртып, бүрк еткен қуатты пассионарлық күш-жігерімен, ақыл-ой даналығымен қара бұдын халқының қамын жеп, тарих донғалағын алға жылжытыпты, өркениетке өз өрнегін қалдырыпты».

• КЕҢЕС

Ермеқ ТҰРСЫНОВ,
кинорежиссер, сценарист, жазушы

«Сен ешқашан «осыған қайтсем де қол жеткізіум керек» деп өзіңе арман белгілем де. Бір күні арманың орындалғанда, зиян шегетін өзін боласың. Өйткені сен өзіңе шекті мөлшер белгілеп қойдың, қолың жеткеннен кейін болды, өмір мағынасыз болып қалады» деген-ді. Ең қызығы – жолдың өзі. Сен алдында не күтіп тұрғанын білместен қуалап жүре бересің. Өмір деген – белгісіз нәрсе. Сол белгісіздігімен қызықты, құнды».

BILIM
JAÑALYQTARY

JOLDAÝ

ЕҢБЕК
AQY ESELENEDI

Elimizдегі жоғары оқы орындары оқытýshыларының жалақысы көтеріледі. Bul жауында Білім және ғылым министрі Ashat Aimaǵambetov Facebook парақshасында jazdy.

«Memleket basshysy bilim sapасын арттырý jáне pedagogtardy qolday jóninde tapsyrma berdi. Osy tapsyrma aiasyнда ministrlіk мемлекеттік жоғары оқы орнынң ректорларына оқытýshылардың еñбекақысын 2020 жылдың 10 қаңтарына деін 30-дан 50 пайызға деін арттырý mindetin жүктеді. Bul sheshimniñ naqty negizderi бар. Biz жоғары оқы орындарынның бұйджетіне талдай жүргіздік. Ol еñбекақы төлеý қорын ұлғайтý úshin rezervtiñ бар еkendigin көрсетті», – деп jazdy министр.

Onyñ atap ótýinshe, búgінде birqatar жоғары оқы орындарынның оқытýshылары 60-70 мың теңге көлемінде жалақы алady. Mundai saiasatpen sapаны талап etý múmkin емес.

«ЕУЫ, Kaspij ýniversiteti мен Taraz pedagogikalyq ýniversiteti снақты жоғары оқы орындары жалақыны көтерýdi qazirdiñ ózinde bastap ketti. Qalǵan мемлекеттік оқы орындары меніñ tapsymamdy mindetti түрде орындаýy тиis. Sonymen qatar ректорлардың алдына akademikterdi arнайы qosymsha aqy belgileý арқылы qolday mindeti qoyıladı. Жоғары оқы орындарында akademikter көп емес, sondyqtan biz ózimizdiñ ǵylымı elitamyzdy qoldayǵa mindettimiz. Bul sharalar мемлекеттік бұйджеттен qosymsha qarajat pen ózge де kúsh-jigerdi qajet etpetinin erekshe atap ótkim keledi. Barlyǵy qolda бар múmkindikter aiasyнда jasalady. Jas ǵalymdardy qolday tetikteri де bolashaqta qarastyrylady», – dedi Ashat Aimaǵambetov.

inform.kz

SAÝAL

GRANTTAR QALAI
BÓLINEDI?

Bілім granttaryn bóly protsesine bóгде adamdar aralasa almaydy.

Kıber shabýıldardy zertteý jáне talday ortalyǵынның ókilderi bilim granttaryn bóly rásimin тексеріп, óz qorytyndysyn shyǵardy. Qazaqstan Respýblikasynыñ Білім және ǵylım ministrlіginiñ «Ultytq testileý ortalyǵy» bakalavriat jáне magistratýra boıynsha bilim granttaryn bólyǵe jaýap беретін apparattyq júeniñ bastapqy kodtaryn atalǵan ortalyq mamandaryna тексерýge bergen bolatyn. Tekserý nátijesi boıynsha, granttardy bóly úrdisine bóten adam aralasa almaıtyny anyqtaldy.

«Atalǵan тексерý grant bólydın jarıalangan nátiжелeri baǵdarlama bergen derekterмен tolyq sáikes keletinin kórsetti. Osyлаisha, grant bóly týraly derekter tizim jasalǵan sáttен bastap nátiжелer jarıalanganǵa deін óz tutastyǵy мен qupıalylyǵyn saqtap qalǵan dep senimmen atıǵa bolady» delingen habarlamada.

Ortalyq mamandaryn tizim jasaǵa jaýap беретін apparattyq júenge bóгде adamdar aralaspaǵan degen qorytyndyǵa keldi.

inform.kz

ÁLEÝMET

KÓP BALALY
ANALARǴA KVOTA
BÓLINEDI

«Altyn alqa» jáне «Kúmis alqa» алған analarǵa elimizdiñ жоғары оқы орындарында білім алыу úshin arнайы kvota bólinbek. Bul týraly Білім және ǵylым ministri Ashat Aimaǵambetov atty.

«Halyqtyñ áleýmettik az qamtylǵan tobyn qolday maqsatyнда «Altyn alqa», «Kúmis alqa» ielerine grant taǵarыndaý boıynsha kvota qarastyrylady», – dedi ministr Senat depýtattaryna «Pedagog mártebesі týraly» zañ jobасын tanystыrý barysyнда.

Onyñ atap ótýinshe, qazirgi yaqytta mundai instıtýt elimizde qoldanysta бар. Búgінде múgedekter jáне ózge де sanattaǵy azamatтарǵa жоғары оқы орнында білім алыуна arнайы kvota qarastyrylǵan.

«Bizge көп balaly analardy ónimdi jumyldыrý qajet деп oтырмыз. Eger mundai niet tanytqan adamlar bolsa, onda olar oqyǵa túse alady. Ultytq bırıńǵay test tapsyryу, shekti ball алыу qajet. Degenmen, olардың kvotasy bolady jáне qandai da bir jenhildetilgen sharttarmen жоғары оқы орындарына túsýge múmkindik alady. Bul rette onlain оқы boıynsha da norma бар», – dedi Ashat Aimaǵambetov.

inform.kz

ҚЫСҚА-НҰСҚА: Қыздар университетінің ғалымдары Turnitin тренингіне қатысты.

BASTAMA



«Бір терезенің» берері көп

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде «Бір терезе» қағидасымен жұмыс істейтін студенттерге қызмет көрсету орталығы ашылды.

Асылай НҮРДӘУЛЕТ,
«Qyzdar Ýniversiteti»

Бұл «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Алматы қаласы бойынша филиалы мен Қыздар университеті арасындағы өзара ынтымақтастық меморандумы аясында іске асырылып отыр.

Орталықты филиал директоры Данияр Керикбаев пен университеттің оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры Еркін Жұманқұлова салтанатты түрде ашты.

Алдағы уақытта аталған орталықта оқу орнының студенттері «Бір терезе» қағидасы бойынша бірнеше мемлекеттік қызметті пайдалануға мүмкіндік алады. Мұндағы қызмет жүйесі толығымен автоматтандырылған. Студенттер уақытын үнемдеп қана қоймай, мамандардан қажетті кеңестер алуға да қол жеткізбек.

Сонымен қатар екі жақты тиімді ынтымақтастық келісім бойынша білімгерлер мен қызметкерлер тәжірибе алмасудан басқа өзге де мемлекеттік қызметтерді онлайн алу мүмкіндіктері туралы білім алғаннан кейін студенттер немесе оқытушылар мемлекеттік мекемелерге барып, уақыттарын жоғалпайтындығына сенімдімін», – дейді Данияр Керикбаев.

Осы орайда айта кетейік, бүгінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы еліміздегі 12 жоғары оқу орнымен әріптестік орнатқан.

75 JYL

QYZDAR

ÝNIVERSITETI

75 ЖЫЛ – 75 ДЕРЕК

1956 жылғы 14 қыркүйекте КСРО Жоғары білім министрлігінің қаулысы негізінде институт 5 жылдық оқу мерзіміне көшіріліп, сырттай оқу бөлімдері ашылды.

1956 жылғы 18 қазанда республикада тұңғыш рет құрамында Кітапханатану, библиография кафедрасы бар Кітапханатану бөлімі Қыздар институтында ашылды.

1958 жылы институттың Гоголь көшесіндегі оқу ғимараты мен №1 және №2 жатақханалары пайдалануға берілді.

RYHANI JAŇGYRY

Түркістанның ең ұлық ақыны – Абай

Тағдыр айдап шетел асқан Мұстафа Шоқайдың қажырлы қайраты мен мұқалмас мұраты арқылы Берлин қаласында шығып тұрған «Яш Түркістан» журналы тұтас Түркістанға – түгел түркі әлемі мен Орталық Азияға қатысты көптеген құнды мұраны қойнауына бүгіп жатыр. Олай дейтініміз, біріншіден, «Яш Түркістан» журналы қазіргі қазақ тіліне түгелдей аударылып, ғылыми, әдеби айналымға толық түсе қойған жоқ. Екіншіден, тұтас Түркістанның тәуелсіздігі мен тұтастығын мұрат тұтқан бұл журналдың негізгі бағыты саяси сипатта болғанымен, басылым бетінде мәдени, рухани, тарихи, әдеби туындылар мен мақалалар жиі жарық көріп тұрған. Мәселен, шетел оқырмандары Мағжан мен Шолпанның жырларын алғаш рет «Яш Түркістан» арқылы оқыған. Мұстафа Шоқай бастаған азаттық ерлері кеңестік Түркістанда болып жатқан оқиғаларға наразылық білдірумен ғана шектелмеген, олар ұлттық тұрғыдан өзіндік ұстанымдарын да айқын аңғартып отырған.

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Мұстафа Шоқайдың еңбектерін жинастырып жүрген кезімізде, дәлірек айтқанда 1997 жылы «Яш Түркістан» журналында жарияланған бір мақалаға көзіміз еріксіз түсе берді. 1934 жылы жарық көрген мақала «Түркістанның ұлы ақыны – Абай Құнанбайұлы» деп аталады екен. Түркістанға ортақ, сол тұста жалпыға түсінікті болған шағатай тілінде жазылған аталмыш мақалаға қосымша ретінде Абайдың мәшһүр суреті басылып, оның астына «Түркістанның ең ұлық ақыны Абай Құнанбайұлы» деп жазылыпты. Мұндағы «ең ұлы ақыны» дегенді «бас ақыны» деп түсінуге де болатыны анық. Тез көз жүгіртіп оқып шықтық. Мақаланың соңына «Есен Тұрсын» деп қол қойылыпты. Автордың бүркеншік ат қолданғанын сезе қойғанымызбен, оның астына жасырылған кісіні анықтау оңайға соққан жоқ. Несін жасырамыз, тіпті, әуелгіде Мұстафа Шоқайдың өзі болар деп те ойладық. Өйткені эмиграцияда жүрген зиялылар арасында жаңа қазақ поэзиясының көшбасшысы болған ұлы Абайды ұлты қазақ Шоқайдан артық кім білмек? Оның үстіне, мақала авторы Абайды тұтас Түркістанның ең ұлы ақыны ретінде бағалаған екен. Біздің білуімізше, Абайды бұлайша тұтас Түркістанның бас ақыны деп бағалаған жан бұрын-соңды болған емес еді. Расында, кезінде Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» деп бағалаған ұлы Абай түгел түркінің ортақ қазынасына айналған Ясауи, Науаи, Мақтұмқұли сияқты өз дәуіріндегі тұтас Түркістанның бас ақыны емес пе?!

Түркістанның тәуелсіздігі мен тұтастығы үшін жан қиған Мұстафа Шоқайдың бұл мақаланың жазылуы мен жарық көруіне үлкен септігі тиген де шығар, дегенмен, зерттеу барысында көз жеткізгеніміздей, Есен Тұрсын – «Яш Түркістан» журналының жауапты хатшысы Тахир Шағатайдың лақап аты екен. Сондықтан, ұлы Абайдың өмірден өткеніне 30 жыл толуына орай шетелде, «Яш Түркістан» журналында жарық көрген бұл мақаланың авторын профессор Тахир Шағатай деп батыл айтуға болады.

Ең алдымен айтар жайт – көлемі шағын мақала қалың көпшілікке арналғанымен, ғылыми тәсілден ауытқымай, барынша жүйелі жазылған. Мақаланың кіріспесінде Абайды қалыптастырған орта мен халық әдебиеті жайында ой өрбітіп, қазақ әдебиетін «түркі халықтары әдебиеті ішіндегі ең бай әдебиет» деп бағалаған Шағатай, қазақ әдебиетінің даму үрдісі мен өрісіне, ерекшелігі мен басымдылықтарына тоқталады. Осы тұста XIX ғасырға дейінгі дәуірлерге талдау жасап, халық әдебиетінің тармақтарын тарата айтқан Тахир Шағатайдың білгірлігіне еріксіз таңырқайсың. Ол былай деп ой толғайды: «Түрік халықтары әдебиеті ішіндегі ең бай әдебиет қазақ әдебиеті десек, ешқандай артық айтпаған болар едік. Қазақ халқында ақындық өнер мен философиялық ой-танымның күшті дамығаны жайында ел аралап, қазақтар арасында болған көптеген шетелдік ғалымдар да айтып кеткен. Кең дала, заңғар таулар мен жанға жайлы жайлаулар және табиғи тұрмыс салты сыйлаған кең мүмкіншілік пен мұнсыз өмір сияқты алғышарттардың халық өнерінің дамуына үлкен үлес қосқаны анық. Қазақ халық әдебиеті сарқылмас, шексіз қазына. Сондай-ақ ол басқа халықтар әдебиеті сияқты біржақты ғана емес. Ол табиғи құбылыс пен қоғамдық өмірдің бар саласына тамыр тартқан...».

Мақала авторы одан әрі Абай туралы тереңнен толғап, көсіле сөйлейді: «...Ауыз әдебиетінде дәстүрлі қазақ халық әдебиетінің рухы басым болса, жазба әдебиетте сыртқы дүниенің әсері айқын еді. Өртүрлі тармақтарға бөлінгеніне қарамастан, бұл үрдіс XIX ғасырдың орта тұсына дейін жалғасын тапты. Осы кезеңнен бастап ұлы қазақ ақыны Абай Құнанбайұлы әдебиетке үлкен өзгеріс әкеліп, халық әдебиетіне жаңа бағыт берді. Ол заманауи сипатта, ұлттық рухта өлеңдер жаза бастады. Абай орыс әдебиеті және сол арқылы Еуропа әдебиетін жетік білетін. Дегенмен бұл таныстық оны қазақ ауылынан, кең даласынан және еркін жайлаған халқынан айырған жоқ. Ол дәстүрлі қазақ әдебиетіндегі халықшылдықты заманауи ұлтшылдыққа айналдырды».

Расында, Абайды өзге замандастарынан айырып тұрған ең үлкен ерекшеліктің бірі – оның уызға жарып өсіп, терең тамырдан, дәстүр мен діннен, халықтық та-ным мен пайымнан қол үзбей, ұлттық, елдік, рухани құндылықтарды жырлап өтуінде жатыр емес пе? Сол

AQJOLTAI

Президенттен алғыс алды

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің бір топ студентіне алғыс білдірді.

Мемлекет басшысының «Алғыс хатына» ие болғандардың қатарында Әлеуметтік-гуманитарлық факультетінің студенті Нұрсәулет Сапарбасова, Физика-математика факультетінің студенті Сымбат Исмайлбек, Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультетінің студенттері Аяулым Өміржан мен Қаракөз Өскербек бар.

«Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы аясында жүргізілген үгіт-насихат жұмыстарына



арқылы Абай, автор айтқандай, қазақ ұлтшылдығының да заманауи бағытын айқындап берді.

Абайдың «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарырынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек» деген сөзін Тахир Шағатай білсе керек. Ұлы ойшылдың орыс-орманға үнлеу себебін терең түсінген Шағатай, ұлы ақынды қаймықтастан «ұлтшыл, халықшыл ақын» дейді. Бұл тұста Абайдың Шығысы пен Батысын тап басып, тани білген мақала авторы: «Орыс зерттеуші ғалымдары Абайды орыс әдебиетінің алыптары Пушкин мен Лермонтовты оқып, олардың шығармаларымен жақын таныс болған деп жазады. Ал большевиктер оны «дала аристократы» ретінде қарап, «феодализм мен байшылдықтың жыршысы, ұлтшыл» деп қаралауда. Біздің пайымдауымыз бойынша, Абай қазақ әдебиетіне жаңа заманға сай ұлттық рух пен сипат берген ұлттық әдебиеттің шынайы реформаторы еді», деп жазыпты. Бұдан артық қалай айтуға болады. Шын мәнінде Абай сенді бұзып, санаға сілкініс әкелген, бүгінгі тілмен айтқанда, рухани жаңғыруға түрткі болған ұлттық рухтың реформаторы емес пе?!

Профессор Шағатай, Абай туралы жалпылама айтпай, оның шығармаларына да байыпты баға беріпті. Оның айтуынша, «Абай өз өлеңдерін халықты тануға һәм танытуға арнады. Халықтың кемшіліктерін көрсетіп, одан тыйылуға шақырды. Ол халықты, елін және оның табиғатын суреттеді, өткен күндердің жарқын беттерін сағынды, өз дәуіріндегі халықтың жағдайына жаны ауырып, қайғырды. Халықты келешек үшін дайындық жасауға, оқу-білім мен мәдениетке шақырды. Абай қазақ жастарын, жалпы қазақ жұртшылығын елін танып-білуге, оны сүюге және оған қызмет етуге үндеді». Қайран елі, қалың қазағы үшін қабырғасы қай-ысқан Абай «жерін қорып, желіп жүріп боздаған желгек шалдай» күнірене отырып, жұртына жарық күнге жетелейтін жолды да көрсете білді.

Тахир Шағатай шығармаларын қалың қазақтың арасында, туған ауылында отырып жазған Абайдың көзі тірісінде өзіне лайықты құрметке ие бола алмағаны өкініш білдіреді. Дегенмен Тахир Шағатайдың пікірінше, «Абайдың ең үлкен мұрасы – оның қалыптастырып кеткен мектебі. Артына мол мұра, мықты негіз қалдырып кеткен Абайдың қазақ әдебиетіне әсері бірден байқалды». Автордың сөзіне одан әрі құлақ түрсек, «Абайдың жолын қуған кейінгі буын әдебиет өкілдері оның әсерімен һәм салған дара жолымен жүрді. Қазақ әдебиетінде бірден жаңашылдық рухы басым болып шыға келді. Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулат, Сұлтанмахмұт, Ғұмар Қарашұлы және тағы басқалары Абай қалыптастырған әдеби мектептің өкілдері. Соның ішінде, әсіресе, Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулат тек қазақ әдебиетінің ғана емес, тұтас Түркістан-ның қалыптасып, құрылуына, одан кейін 1925-1930 жылдары кезеңінде маңызды қызметтер атқарған ерекше тұлғалар. Бұл екі азамат қазіргі кезде кеңестік Ресей өкіметі тарапынан «ұлтшыл» деп айыпталып, мұзға оранған солтүстік өлкеге айдауға жіберілген».

Иә, қаны сорғалаған ащы шындықты айтып, Алаштың арыстарын жоқтаған Тахир Шағатай Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатты тек қазақ әдебиетінің ғана емес, тұтас Түркістанның құрылып, қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан қайраткерлер ретінде еске алады. Тұтас Түркістан үшін тер төгіп, жан қиған Әлихан, Ахмет, Міржақып, Шәкәрім, Мұстафа, Мағжандарға рухани ұстаз болған Абай расында тұтас мәңгілік мұраны мақсат тұтқан іргелі мектеп қалыптастырған ірі ақын емес пе? Ол өз шығармаларында Түркістан туралы бір сөз де жазбауы мүмкін, алайда, Абайдың мектебінде жетілген озық шәкірттері Түркістанның тәуелсіздігі мен тұтастығы жолында басын бөйгеге тіккен жоқ па?!

Түркістанның азаттығы жолында бар ғұмырын сарп

еткен күрескер азаматтың бағалауынша «Абай тек қазақтың ғана емес, сонымен қатар бүкіл Түркістанның да бас ақыны!» Бұл – өресі биік өзбек жігітінің жүрекжарды лебізі, шынайы пікірі болса керек. Өйткені мақаладағы ойларын осымен доғармай, одан әрі өрбіткен автор 1954 жылы Түркияның Ыстанбұл қаласында басылып шыққан «Түркістанда түрікшілдік және халықшылдық» атты еңбегінде де Абайды «Түркістандағы жаңару кезеңінің басы» деп атап көрсетіпті. Автордың жаңару кезеңі деп отырғаны – Қырымда Исмаил Гаспралы бастап, түгел түркі жұртын қамтыған жәдитшілдік кезең!

Түркістанда тәуелсіз мемлекеттер орнап, қазақ елі азаттық алған тұста бұл мақала қай-сібір жандар үшін таңсық болып көрінбеуі де мүмкін. Дегенмен шетелде және сталиндік зобалаңның әсерімен Абай шығармалары «стурпайы социализм» тұрғысынан талданып, таптық ұғыммен бағаланып жатқан кезеңде жазылғанын және шетелде жарық көрген ізашар мақала екенін ескерер болсақ, мақаланың құны одан да арта түспек. Абайдың қазақ әдебиетіндегі орнын тап басып айтқан автор осы тұста заңғар жазушымыз Мұхтар Әуезовпен үндесіп кетеді.

Кезінде Алаш қозғалысына белсене қатысып, Түркістанның тәуелсіздігі үшін Бұхарадағы астыртын жиындарға қатысқан Мұхтар Әуезовті профессор Тахир Шағатай жақсы біліп, онымен іштей түсініскен. Сондықтан ол аталмыш мақалада абайтанудың басында тұрған Мұқанды, яғни Мұхтар Әуезовті ұлы ақынның шәкірті ретінде Ақан мен Міржақыппен қатар атамайды. Бұл – келешек заңғар жазушыны құптап, оны қанды қырғыннан қорғаудың бір тәсілі еді деп түсінген абзал.

Олай дейтініміз, Мұхан қайтыс болғаннан кейін жарық көрген бір еңбегінде Т.Шағатай жазушы туралы жылы пікір білдірген еді. Оның үстіне, «Яш Түркістан» журналының бас редакторы, Түркістан ұлттық майданының жетекшісі Мұстафа Шоқайдың да мұраттас достарын қорғау мақсатында осындай әдіс, амал-айла қолданғаны бізге мәлім.

Мақаласында «Өкініш сол, оның құнды шығармаларын халқымыз өз қажетіне жарата алмай отыр. Елімізде үстемдік құрып отырған қызыл диктатура Түркістан ұлттық әдебиетінің өзге өкілдері сияқты Абай және оның шығармаларын Түркістан халқынан мейлінше жырақ ұстауға тырысуда. Бұл күндері орыстың кез келген ұлтшыл ақын-жазушысының еңбегін табуға болатын Түркістанда Абайдың шығармаларын кездестіре алмайсыз. Мұның себебі де белгілі орыс ұлтшылдығы!» деп күйінген Тахир Шағатай, сөз соңында Абай шығармаларының халық жадында мәңгі сақталарына сенім білдіріпті. Оның пікірінше, «қаншама шектеу қойылғанымен, халық рухының шоқтығы биік туындысы болған шығармалар елдің жүрегінен берік орын алып, жасампаздығы арта бермек!».

Сәуегейлік танытқан автордың пікірі айна-қатесіз келді. ЮНЕСКО шеңберінде атап өтілетін ақынның 175 жылдығы қарсаңында Абайдың өлең-жырларын қалың қазағы ғана емес, әлемнің түкпір-түкпірінде жатқа айтып жатқан жұртшылық мұның айғағы! Дегенмен осы тұста ойланатын жайт та жоқ емес. Соның бірі – Абайды аудару мәселесі! Әлем тілдерін айтпаған күнде, Абай мына іргедегі канаттас жатқан бауырлас қырғыз, түркімен, әзербайжан, түрік тілдеріне әлі күнге дұрыс аударылған жоқ. Былтыр Тәжікстандағы Абай жылына орай ақын жырларының тәржімаланғанын естідік, бірақ оның сапасы қандай екенін білмейміз. Бір білетініміз, түрік тіліне аудармасы сын көтермейді! Сол сияқты Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» да қайта аударылған жоқ. Ендіше, Түркістанның бас ақынын түркі жұрты қалай таниды? Бұл орайда біз Абайдың әуелі қазаққа, содан кейін тамырлас, туыс жұрттарға қажет екенін баса айтқымыз келеді.

Осы орайда, мақала авторы туралы қысқаша мағлұмат бере кеткенді жөн көріп отырмыз. Мұстафа Шоқайдың эмиграциядағы сенімді серігі әрі шынайы шәкірті бола білген Тахир Шағатайдың ұлты өзбек. 1902 жылы Ташкент қаласында туған Тахир Шағатай әуелі Ташкенттегі жәдит мектебінде білім алып, содан кейін Уфадағы әйгілі Ғалия медресесінде оқып, білімін одан әрі тереңдетте түседі. Қос төңкеріс болған аласапыран уақытта Әзербайжан халқының азаттық үшін күресіне қатысқан Шағатай, Түркістанда Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Алманияға аттанады. Түркістанның тәуелсіздігі үшін күрестің өрісі тарылып бара жатқанын сезген Тұрар Рысқұлов пен Файзолла Қожаев 1922 жылы Алмания мен Түркияға дарынды, қабілетті һәм ұлтшыл жастарды оқуға жіберген болатын, Тахир Шағатай осы топтың құрамында Берлин қаласына келіп, философия, социология және экономика негіздерінен дәріс алады. Социология саласында 1931 жылы докторлық қорғаған Шағатай, соғыстан кейінгі жылдарда Түркия Республикасының астанасы Анкара қаласындағы университетте профессор болып қызмет атқарады. Мұстафа Шоқайдың мұрасына барынша адалдық танытқан ғалым «Яш Түркістан» сериясы бойынша Түркістан және Мұстафа Шоқай туралы бірнеше кітап шығарады. Ол кітаптар да қазақ тіліне аударылып, жарық көруі тиіс деп ойлаймыз.

Біз ұлы Абай мұрасы жайында Алаштың арыстарынан кейін лебіз білдіріп, ғылыми негізде пікір айтқан, шетелде жүріп абыз ақынның шығармашылығына әділ баға беруге ұмтылған профессор Тахир Шағатайдың есімі абайтану тарихына алашқылардың бірі ретінде еніп, онда лайықты орнын алатынына күмән келтірмейміз.



ҚЫСҚА-НҮСҚА: Елордада Ұлттық спорт университеті ашылады.

MEMLEKETTİK MÁSELE

«Өскен ел тарихын тасқа жазады...»

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Алматы қаласы Тілдерді дамыту және латын графикасына көшу орталығының жетекшілігімен қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде «Жаңа латын әліпбиін енгізудің ғылыми және ұйымдастырушылық мәселелері» тақырыбында өткен семинар кенесте жоғары оқу орындарында, мемлекеттік органдарда тілді дамыту орталықтарының мамандары өзекті ұсыныстарымен бөлісті.

Бүгінде қалың бұқараның назары латын әліпбиіне көшу мәселесіне ауып отыр. Семинардың кіріспе сөзінде Алматы қаласы Тілдерді дамыту және латын графикасына көшу орталығының бас инспекторы Бақыт Қалымбет бүгінге дейін латын әліпбиін үйретуге байланысты елімізде, сондай-ақ «Тіл қазына» орталығында, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетімен, т.б. орталықтарда өткен семинар-тренингтерде сала мамандарының ұсыныс-пікірлері тыңдалғанын жеткізді. Ал тренингтен өткен мамандар мәселемен жіті таныс болғандықтан, келелі жайттарды қозғап, талқыға салу мақсатында кезекті семинар алаңында бас қосып отыр.

Аталған университеттің Әлеуметтік даму жөніндегі проректоры міндетін атқарушы Жанагүл Сұлтанова Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында көтерілген латын әліпбиіне көшу жас ұрпақтың ой-өрісінің тереңдей түсуінің алғышарты екендігіне тоқталып, үздіксіз даму мен инновация ғасырында заманауи мүмкіндіктерді игеру әсіресе, педагог кадрларды даярлайтын оқу орындары үшін зор жауапкершілік жүктеп отыр деген пікірімен бөлісті.

Өз сөзін «Қыркүйек айы – тілдер мерекесі» деп бастаған Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының кеңесшісі, «Үш байлық» қоғамдық бірлестігінің бас директоры, қоғам қайраткері Оразкүл Асанғазы «Қазақ тілінің латын графикасына көшуінің өміршендігі» тақырыбына орай тіл тарихына қатысты бірқатар жайтты ортаға салды. «Тілдер мерекесі 5 қыркүйек деп белгіленгеніне міне, екі жылдың жүзі болды. Бұл күн ұлттың ұстазы, тұңғыш реформатор, ұстаздықты үлкен ғылымға айналдырған Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен тығыз байланысты. Үлкен-кішімізге арнап кітап жазған Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық оқулықымыздың атасы. Сондықтан да Байтұрсынұлы сынды тұлғаның ілімін оқып-менгеру әрбір ұлтжанды азаматқа рухани азық болуға тиіс» деп атап өткен қоғам қайраткері тіл тарихына қатысты жайттарды да қозғап өтті. «Өткен ғасырдың 1992 жылдары латын қарпіне көшу туралы ғалым Әбуәлі Қайдар мәселе көтерген тұста Елбасы елдегі демографиялық ахуалды ескеріп, тыныштық мәселесіне де баса назар аударған болатын. Уақыт өте келе халқымыздың саны еліміз үшін маңызды мәселелерді толыққанды жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Осы тұста Елбасы латын әліпбиіне көшуді көтеріп, нәтижесінде ұлттық комиссия жасақталды. Бүгінде оның құрамында төрт жұмысшы тобы бар. Қазіргі кезде еліміздің барлық аймақтарында өтіп жатқан семинарлар латын әліпбиінің кем-кетігін пысықтап, жан-жақты жетілдіруге бағытталуда. Кезінде араб қарпін де оқыдық, Ататүрік «жер бетіндегі түркі халқы бір әріппен жазайық, Еуропаға түсінікті болсын» деген тұста латынға да көшіткі» деді Оразкүл Асанғазы. «Бүгінде түркі елінің 56 пайызы латын, 28-ейі араб графикасында, 17 пайызға жуығы, яғни қырғыз ағайындар мен қазақтар, сондай-ақ Ресейге қарасты түркілер кирилл қарпін пайдаланып келеді. Ал жер бетінде 200-дей мемлекеттің 70 пайызы латын графикасымен пайдаланса, 4 пайыздайы ғана кирилл қарпімен жазалы. Ақпараттық коммуникация қарыштап дамыған заманда қазақ тілінің ұлтаралық тілге айналуы аса маңызды. Елордадағы

JEMQORLYQ – INDET

«СЕССИЯНЫ ПАРАМЕН ЖАБАСЫЗ БА?!»

Студенттер арасында жең ұшынан жалғасқан сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мақсатында «Парасыз сессия», «Таза сессия», «Адал жол», акциялары тұрақты түрде ұйымдастырылып, «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» тақырыбында семинар өтіп тұрады.

Данара ЕРМЕКБАЙ,
«Qyzdar Ýniversiteti»

Осы бастамаға орай, Алматыдағы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің студенттері Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «Sanaly ugraq» республикалық жобалық кеңсесінің басшысы Қайыржан Токушевпен кездесті.

Жиында Қ.Токушев Жобалық кеңсенің негізгі қызметі туралы баяндап, оны жоғары оқу орындарында ашудағы мақсаты мен міндетін айтты.

«Ұрпақ тәрбиесі ең алдымен мектеп пен университет қабырғасында қалыптасады. Баланың дүниетанымының, өмірге деген көзқарасының, қоғаммен қарым-қатынасының бастауында ата-анасы мен ұстаздары үлкен рөл атқарады. Сондықтан жастар тәрбиесіне бәріміз жауаптымыз. Кез келген оқу орны үшін сапалы білім бірінші кезекте тұруы тиіс. Міндетіміз – қоғамның жегі құртына айналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақын алу шараларын жүргізу, ортақ әдіс-тәсілдер енгізіп, жастармен жан-жақты жұмыс істеу. Сонымен қатар еліміздің білім беру жүйесі арқылы жемқорлыққа қарсы мүлдем төзбеушілікті қалыптастырудың ең үздік тәжірибесі екенін көрсетіп, одан бас тартатын ортаны кеңейту басты мақсатымыз», – деді Қ.Токушев.

Кездесу барысында Қыздар университетінің 100 студенті «Sanaly ugraq» республикалық жобалық клубына мүшелікке қабылданды.

Басқосуды оқу орнының Әлеуметтік даму жөніндегі проректоры міндетін атқарушы Жанагүл Сұлтанова қорытындылап, университетте сыбайлас жемқорлықпен күрес бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып өтті.

Оның айтуынша, бүгінде студенттер арасында «Парасыз сессия», «Таза сессия», «Адал жол», акциялары тұрақты түрде ұйымдастырылып, «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» тақырыбындағы семинарлар өтеді. Сондай-ақ университеттің тәрбие, оқу және ғылым үдерісінде әдептілік қағидаларын сақтау басты назарға алынған. Бұл тұрғыда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» атты пән оқу бағдарламасына енгізілді. Аталған пән студенттердің саналы түрде және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастырады.

Кездесу аясында Қайыржан Токушев студенттердің өзін-өзі басқару және демалыс орнының қызметімен танысты. Оқу орнының бас ғимаратының базасында жақында ашылған бұл орталықта білімгерлер өздерін жан-жақты дамытып, қоғамдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік алмақ. Сондай-ақ түрлі бастамалар мен жобаларды іске асыруды талқылайды.

Еуразия ұлттық университетіне Күлтегін тасының көшірмесі қойылғанда қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов «Менің бабам жазуын тасқа жазғанда, орыстың да, қытайдың да жазуы жоқ еді» дегенін қаперімізде ұстайық» деген Оразкүл Асанғазы өз сөзін: «Төл таңбамыздың тасқа басылғаны б.з.д. III-V ғасырлардан бастау алатындығын ескеретін болсақ, «Өскен ел тарихын тасқа жазады, өшкен ел тарихын жаспен жазады» деп тәмамдады.

Семинар әрі қарай мамандардың жекелеген ұсыныс-пікірлері негізінде өрбіді. «Кірме сөздерді игерудің тілдік механизмін қалай жоғалттық» тақырыбында пікір өрбіткен Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, филология ғылымдарының докторы Қаламқас Қалыбай: «Бүгінгі қазақ жазуының емле ережесін реформалау ұстанымында ғалымдарымыз үлкен бір қарама-қайшылықта тұр. Біріншіден, латын жазуына бейімделген қазақ тілінің емле ережесін реформалау арқылы кірме сөздерді игере алатын ұлттық сипаттағы жазу қалыптастыру, екіншіден, дәл осы

кірме сөздерді игерудегі тілдік механизмнің кілті болып табылатын тіліміздің ұлттық сипатын танытатын үндесімділік заңдылығының әлсіреуіне алып келген «жазуды онтайландыру» үрдісін сақтап қалу» деп атап өтті. Ғалымның айтуынша, ең қиыны – осы екі ұстаным бірін-бірі жокқа шығарады. Халел Досмұхамедовтің «Өзінің заңымен өзгертпей қазақ тілі ішіне ешбір жат сөзді алмайды, кіргізбейді. Бұл ақиқат нәрсе» деуінің өзі сол кездегі тіліміздің кірме сөздерді игерудегі осы әлеуетінің қаншалықты мығым болғандығын көрсетеді. Қазақ тілінің осы «тілдік механизмін» дұрыс таныған тіл жанашырлары сол кезеңде кірме сөздерді (терминдерді) жазудың басты ұстанымы сөйлеу тіліндегі үндесім заңдылығына бағынуы қажеттігін көрсетіп, жазуда фонетикалық ұстанымды басшылыққа алатын өте дұрыс шешім қабылдаған еді. Жазу теориясы ертеден қалыптасқан, тілдері сан қилы фонемаларға бай үндіеуропа елдерінің жазу теориясы үшін өте қолайлы болып табылатын «онтайландыра жазу» ұстанымы қазақ тілінің табиғатына сай келмейтіндігін,

үнемдей жазу қазақ тілінің үндестік (сингормонизм) заңына нұқсан келтіріп, тіл әуезділігін бүлдіретіндігін ұлт жанашырлары терең түсінген.

«Латын қарпін оқытудың ғылыми-әдістемелік мәселелері» тақырыбын қозғаған Қазақ ұлттық Қыздар педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Тыныштық Ермекова «Соңғы әліпби құрамындағы әріптер сол күйінде қала ма, әлде өзгертіле ме?» деген сауалға жауап бере отырып, әріптерді жазудың әдістемелік сипатын ашып көрсетіп, «Қалай болғанда да, Ахмет Байтұрсынұлы айтқан таңба жүйелі шешілмейінше, түйткілді мәселелердің шыға беретіндігі айқын» деп атап өтті.

«Әліпбиге өзгеріс енгізбес бұрын, алдымен /и, у/ әріптерінің дыбысын біріктіріп не ажыратып жазу мәселесі түбегейлі шешімін тапқаны жөн. Онсыз әліпби мәселесі шешімін табуы екіталай» деген Нұр-Мүбәрәк университетінің доценті, PhD доктор Қалдыбай Қыдырбаев: «Аталған дыбыс тіркестерді біріктіріп жазуға негізделген әліпби, оларды ажыратып жазуға негізделген әліпбиден өзгеше болуы тиіс. Латын графикасына негізделген қазіргі қазақ әліпбиі и мен у-ды (яғни [йй], [іі], [уу], [үү], [юу], [іу] дыбыс тіркестерін) біріктіріп жазуды қолдайтындарға да, ажыратып жазуды қолдайтындарға да сай келмейді» деген ұсынысымен бөлісті. Ал математик ұстаз Қуантқан Ванов латын әліпбиі жобасына қатысты «Емлеміздегі кейбір түйткілді мәселелер» тақырыбын қозғап, бірқатар дәлелдерін ұсынды.

Семинарда латын әліпбиін енгізудің ғылыми және ұйымдастырушылық мәселелерін талқылап, шешу жолдарын қарастырған мамандарға тілді оқытуға байланысты материалдар таратылып, сертификат беріледі.

Эльвира СЕРІКҚЫЗЫ,
журналист
(«Egemen Qazaqstan» газетінен алынды)



Жақында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «Sanaly ugraq» республикалық жобалық кеңсесінің басшысы Қайыржан Токушев Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің оқытушылары мен қызметкерлеріне әдістемелік семинар өткізді.

Басқосуда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, білім беру мекемелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу кеңінен талданып, түсіндірілді. Сонымен қатар жемқорлық тәуекелдерін азайтудың жолдары қарастырылды. Жиын барысында Қайыржан Токушев жобалық кеңсенің алдағы уақыттағы жоспарларымен бөлісіп, ұстаздарды қоғамның дертімен бірлесе күресуге шақырды.

«Бүгінде еліміздің көптеген жоғары оқу орындарында «Sanaly ugraq» Жобалық кеңселері ашылуда. Ондағы мақсат не? Міндет қандай? Шындығын айту керек, білім беру саласы сыбайлас жемқорлық фактілері көптеп кездесетін саланың бірі. Осыған орай аталған саладағы олқылықты жою үшін қатаң шаралар қабылдау қажеттігі туындап отыр. Бүгінде еліміздің білім беру жүйесі арқылы жемқорлыққа қарсы мүлдем төзбеушілікті жалпыға ортақ қалыптастырудың ең үздік тәжірибесі екенін және одан бас тарту ортасын енгізу қажеттігі кезек күттірмейтін мәселе екендігін ерекше атап өткім келеді», – деді Қайыржан Токушев.

«Sanaly ugraq» республикалық жобалық кеңсесі осы бағытта бірқатар талдау жұмыстарын жүргізіп, білім саласындағы кейбір проблемаларды, жемқорлыққа апарып соғатын жайттарды анықтаған. Қолға алынған шаралардың басым бөлігі қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін, білім беру ұйымдарының ашықтығын, академиялық адалдықты, білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен ақпараттық қолдауды айқындауға серпін береді.



Құйдің құдіретін түсіндірді

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, көрнекті күйші-композитор Секен Тұрысбек Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің студенттеріне шеберлік сыныбын өткізді.

Сымбат БЕРІК,
«Qyzdar Ýniversiteti»

Өнер және мәдениет факультетінің студенттері қатысқан шарада мәдениет майталманы бабадан балаға мұра болып келе жатқан күй өнері хақында, ұлттық музыка төңірегінде саликалы ойларымен бөлісті.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық коданды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің күр жаңғырыққа айналуы оп-оңай» деген болатын. Ал түйсіне білген адамға ұлттық кодымыз қазақтың сөз өнерінде, классикалық әні мен күйінде жатыр. Секен Тұрысбек жастармен кездесуде әңгіменің әлқиссасын осы төңіректен бастады.

«Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің «Қазақтың өнеріндегі ең күрделісі, толғаулысы, сырлысы ол – күй өнері» деген сөзі бар. Тағы да Мұхан «Қазақтың ұяты мен қасиеті тек қана күйінде қалды» дейді. Расында да, күй – біздің халыққа ғана тән өнер. Дәл қазақтай күйді құрметтейтін ел жоқ. Мәселен, біздің батысымызда да, шығысымызда да, Арқада да күй мектептері қалыптасты. Бұл – біздің баға жетпес байлығымыз. Кейбіреулер қазақта бес мың немесе жеті мың күй бар деп жатады. Тіпті, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында арнайы санақ жүргізіліп, 5030 күй деген сан шыққан. Өз басым тыңқылдатқан дүниенің бәрін күй деп танымаймын. Шыққан мың күйдің ішінен он бес-жығымасы жанымызға жылылық әкелсе, жүрегімізді қозғаса, ой салатын болса, иірімі, формасы, диапазоны, бояуы сай келіп тұрса, міне – нағыз күй, қалғандары қатардағы дүниелер. Мәселе санында емес, сапасында. Мәселен, Нұрғиса Тілендиевтің «Аққу» күйінен не ала алмайсың, не қоса алмайсың. Нұрағамыз сияқты жүрегіңді, жаныңды қозғайтын дүние шығады-ау деген күйді дамытып, соған өзіміздің үлесімізді қосып жатсақ, ол халықтың ертеңгі игілігіне айналады», – деді Секен Тұрысбек.

Сондай-ақ шеберлік сынып барысында дәулескер күйші бірнеше шығарманы төгіле орындап, жиналғандардың ыстық ықыласына бөленді.

Басқосуда студенттер өнер иесіне өздерін қызықтырған сауалдар қойып, шығармашылық жоспарлары туралы сұрады.

Қыздар университетінің Баспасөз және қоғаммен байланыс бөлімінің жетекшісі Жандар Асанның айтуынша, бұл шара «75 жылға – 75 игілікті іс» жобасы аясында жүзеге асырылып отыр.





Өркениет өрлеуді қалайды

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қыркүйекте өзінің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты алғашқы Жолдауын жариялады. Бұл Жолдаудың өзіндік ерекшелігі, жан-жақтылығы бар. Ел дамуындағы маңызды құжатта қоғамның саяси-экономикалық, мәдени-рухани дамуы тұтас қамтылды.

Мемлекет басшысы құқық, білім беру, бизнес, сот, агроөнеркәсіп, отбасы, бюджет, тұрғын үй саясаты сияқты секторлар мен әлеуметтік институттардың тұрақты дамуы туралы тың ұсыныстары мен бағдарламалық негіздегі жоспарларын жариялап, оны іске асыруды үкімет пен парламентке табыстаған болатын. Екінші бір ерекшелігі бұл Жолдауда жүзеге асатын жобаларға бөлінетін қаржының нақтылығы мен қомақталығы туралы айтылғандығы. Сондай-ақ тағы бір тоқтала кететін жайт бар. Ол – халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға баса назар аудару. Әрине, қоғамның дамуы мен әлемдік өркениет көшінің алдыңғы лебінде болу тек ішкі жалпы өнім мен экономикаға ғана емес, сонымен қатар елдің тұрмысы мен әл-ауқатына да тікелей байланысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев бірнеше жылдан бері шешімі табылмай келе жатқан халықты тұрғын үймен қамтамасыз етуге де айрықша көңіл бөлді. «Бақытты отбасы» бағдарламасындағы 2 пайыздықпен берілетін несие жетілген әлемдік банкілік стандарттарға сай келіп отыр. Бұрын ипотекалық несиелердің 15-18 пайызға дейін берілген кездері болғандығын ескерсек, бұның үлкен жеңілдік екендігіне көз жеткіземіз. Бұл бағдарламаның нақты жоспары бойынша 2020 жылдан бастап жыл сайын 20 000 отбасының тұрғын үймен қамтамасыз етілуі оның қарқынды шапшаң жүргізілетін игілікті іс-қимылға бағытталғандығын көрсетеді.

Жолдауда жағдайы төмен азаматтарға әлеуметтік жалға алу тәртібімен қоныстандыруды да жолға қоя отырып, бұл шараға да 2022 жылға қарай 240 млрд. теңгемен қамтамасыз ету қажеттігі баса айтылды. Тағы бір қуантарлық жағдай, әрбір азамат өзіне тиеселі жинақталған зейнетақы қорындағы қаржысының белгілі бір бөлігін осы тұрғын үйге қол жеткізу үшін пайдаланудың жобасын жасауды ұсынуы еді. Әрине, бұл қарызға емес, өзінің жеке капиталын пайдалануға берілетін құқық.

Президент халықтың әкімдік беретін пәтерлерге кезекке тұру және жылжу үдерісінің ашық болмай отырғандығына наразы екендігін дәп басып айтқан. Баспанамен қамтамасыз етудің ұлттық бірінғай жүйесін құру керектігін сөз еткен ол, халықты және аз қамтылған отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз етуді шешуді түбегейлі қолға алған сыңайлы. Өйткені бірнеше онжылдықтан бері шешімін таппай келе жатқан осы мәселе халықты титықтатқаны рас. Бұл игі шешімдер мен бастамалар халықтың көңіліне үміт уялатып, басыбайлы баспанаы жоқтардың жабыққан көңіл-күйін көтере түсті.

Отандастарына арнаған жолдауын «Береке мен бірлік, ақыл мен парасат халқымызды үнемі алға бастап келеді. Бағытымыз айқын, жолымыз айқын. Бәріміз бірге болсақ, еліміз бұдан да зор баытқа жетеді деп сенемін! Баршанызға амандық, табыс тілеймін!» деп аяқтаған Президент Қазақстан халқының өзара ынтымақтастығының қуатты қыс екендігін тағы да атап көрсетті.

Берік АТАШ,

Қоғамдық-гуманитарлық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, философия ғылымдарының докторы, доцент

Білім сапасын көтеру – уақыт талабы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жасаған алғашқы Жолдауының мәтінімен толық танысып шықтық. Білім беру саласының қызметкері болғандықтан ел дамуындағы маңызды құжаттағы осы салаға қатысты мәселелерге мән бергенді жөн деп таптым.

Президент өз Жолдауында білім мен ғылымды дамытудың тетіктеріне жете назар аударыпты. Расында да бұл салалар – ел дамуының негізгі өзегі, басты алғышарты. Отандық жоғары білім берудің қарашанырағы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті негізінен ауылдық жерлердегі мектептер үшін қажетті кадрлар даярлайды. Осы орайда Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білімнің сапасы алшақтап барады» деп атап өтіпті. Бұл мәселе ауылдық елдімекендерде білікті педагог кадрлардың тапшылығынан туындап отырғанын айқын көрсетеді.

Расында да, қазіргі күнде ауылдық жерлерде білікті де білімді мұғалімдердің жетіспеушілігі байқалады. Президент бұдан шығудың бірден-бір жолы ретінде «Дипломмен – ауылға» бағдарламасының аясын кеңейтіп, жұмысты жана деңгейде жалғастыруды ұсынады. Ол үшін Үкіметке аталған бағдарламаны іске асыру үшін 20 млрд. теңге қарастыруды тапсырды. Әрине, бұл қуанышты жайт. Себебі Қыздар университетін бітірген жас мамандардың басым бөлігі шалғайдағы елдімекендерге барып, білім беру ұйымдарына жұмысқа орналасады. Менің пайымдауымша, бұл – мемлекеттің жастарға жасап отырған үлкен қамқорлығы.

Бүгінде білім сапасын көтеру уақыт талабы болып отыр. Оны жетілдірмей дамыған елдердің көшіне ілесу мүмкін емес.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевтың қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлін күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келетінін айтқаны да көңілге қуаныш ұялатты. Дегенмен де мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз данғазалыққа салынбай, бірлесе жұмыс жасауымыз керек. Қазақ халқының мемлекет құрушы ұлт ретіндегі рөлін бекемдеп, этносаралық татулық пен дінаралық түсіністікті қалыптастыра беру де назарға алынған Жолдауда. Бұл да құптарлық іс. Сондай-ақ Қазақстан Президенті төл тарихымызды ұлықтау мақсатында келесі жылы Алтын Ордадың 750 жылдығын кең көлемде атап өту керектігін айтты. Бұл – баянды бастама. Өйткені киіз туырлықты қазақ халқы Алтын Ордадың ең басты мұрагері. Бұл біздің тарихымызды түгендеп, келешекке кемел һәм сенімді көзбен қарауымызға да он әсер етеді.

Жанагүл СҰЛТАНОВА,

Әлеуметтік даму жөніндегі проректор міндетін атқарушы, PhD докторы

KÓKEIKESTI

Университет қалмаған, қайда маман мақтаған?

Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановтың: «қате диагноз қойған дәрігерлер қатаң жауапкершілікке тартылмауы тиіс» деп кесіп айтқан сөзі есімізде. Бұл сөзімен министр ақ халаттыларды ақтап алғысы келген шығар. Дұрыс-ақ делік. Оларды қатаң жауапкершілікке тарту медицина саласына кері ықпал етуі ықтимал. Себебі дәрігерлерді қателігі үшін соттай беретін болса, жастар дәрігер болудан қорқып, адам емдейтін маман тапшы болып қалуы мүмкін. Министрдің қауіпі – осы.

Министр өз әріптестерін осылай ақтап алғысы келді. Дегенмен өз ісіне салғырт қарап, қателік жіберсе, кешіріммен қарау мүмкін бе? Қателеспейтін пенде жоқ. Ал ол қателіктің ар жағында адам тағдыры тұрған жоқ па? Кез келген ақ халатты дәрігерлік қызметті таңдағанда «адам тағдырына араша боламын» деп уәде берген жоқ па? Сонда олар өз «антына» өзі жауапты бола алмағаны ма? Дәрігерлер ісінде ең үлкен қателік неде деген сауалға тоқтасақ. Білікті кадр қателік жасамауға тырысады. Диагнозды дәл анықтайды. Науқасты емдеп жазуға бар күшін салады. Ал біліксіз кадр ше? Оларды кім даярлап жатыр?

Медицина саласында эксперимент жасауға болмайды

Сенатор Нұртөре Жүсіп Премьер-министрдің орынбасары Бердібек Сапарбаевқа жолдаған сауалында осы мәселені көтерген екен. «Менің депутаттық сауалыма еліміздің медицинаны дамытуға және білікті медициналық кадрлармен жасақтауға қатысты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің өкілдерімен кездесулер негіз болып отыр.

Денсаулық сақтаудың Біртұтас жүйесі халыққа көрсетілетін медициналық қызметтің сапасын жақсартуға, профилактикалық шараларды кеңейтуге, дәрі-дәрмектің қолжетімділігін қамтамасыз етуге ықпал етіп отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында «Үшжылдық бюджет аясында денсаулық сақтау жүйесін дамытуға қосымша 2,3 триллионнан астам теңге бөлінеді» деп мәлімдеді.

Осындай мемлекеттік қолдаудың арқасында қазір медицина саласының материалдық-техникалық базасы айтарлықтай жақсарды. Емдеудің инновациялық технологиясы енгізіліп жатыр. 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» және 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» бағдарламасының пайдасын халқымыз көріп отыр.

Қазіргі таңда Қазақстанда 230 мың медицина қызметкері бар, оның ішінде 70 мың дәрігер, 160 мыңнан астам орта медицина персоналы жұмыс істейді. Өлем өзгерді: жана технология тез дамып жатыр, соған сәйкес қоғамның да сұраныс талабы артып отыр. Мыңдаған білікті дәрігер халқымыздың денсаулығын кірпік қақпай күзетіп тұрғанын да айтуымыз керек» дейді. Қазір ХХІ ғасыр. Жаһандану заманы. Озық технологиялар дәуірі.

Адамдар емес, роботтар техниканы басқаруда. Ал заманауи техниканы меңгеруде адам күшінің жетіспей жатыуының сыры неде?

Сенатор: «Осы заманғы аппаратурасы бар ең жақсы материалдық-техникалық база дегеніңіз – кәсіби мамандарсыз, адам факторынсыз құр әшейін темір ғана болып қалмақ. Іс жүзінде онымен жұмыс істейтін мықты маман табыла бермейді. Күнделікті өмірде науқас адамды емдеуден бұрын диагнозды дәл қою мәселесінің өткір тұрғандығын көріп жүрміз. Диагноз дұрыс қойылмағандықтан оның арты қаншама қайғылы жағдайға душар етуде.

Жыл сайын медицина саласына жоғары оқу орындарын бітірген жүздеген жас маман келеді. Солардың көбінің қажетті білімі мен дағдысы, дәрігерлік машығы нашар. Көбі дербес жұмыс істеуге әзір болмай шығады, операция үстелінде бір сәт тұрып көрмеген, озық техникамен жұмыс істеуді білмейтін тәжірибесіз маманнан не күтуге болады? Тіпті, иненін өзін дұрыс сала алмайтындар кездеседі. Себебісіз салдар болмайды» дегенді алға тартады.

Сенатордың қауіп қылатын да жөні бар. Мықты мамандарды даярлайтын арнайы бағдарланған жоғары оқу орындары болуы тиіс. Бізде қазір медицина саласының мамандарын дайындайтын оқу орны өте көп.

«Тиісті салаға маманданбаған жоғары оқу орындарында дәрігерлерді даярлау ісіне жол беріп отырмыз, – дейді сенатор. – Елдегі бірқатар педагогикалық, жекеменшік университеттер дәрігер кадрларын оқытуға көшті. Басқа салада эксперимент жасауға болатын шығар, бірақ дәл медицина саласында мұндай эксперимент жасауға болмайды. Дәрігерлерді тек қана осы салаға бағдарланған, терең тарихы мен заманауи мүмкіндігі зор, бұрыннан қалыптасқан университеттерде ғана оқыту қажет деп есептеймін. Қазір біз бұрынғы Кеңес кезінде кемел білім алған дәрігерлердің игілігін көріп отырмыз. Олар кеткеннен кейінгі жағдай қалай болады?

Сондықтан профиліңді емес жоғары оқу орындарының жанынан медицина факультеттерін ашудың қандай қажеттігі бар? Мұндай факультеттердің клиникалық, қаржылық, ұйымдастырушылық мүмкіндіктері қаншалықты? «Кадр тапшылығын жоямыз» деп жүріп, біліксіз кадрлар қаптап кетсе, күні ертен кім жауап береді?» деген сауалдарын жолдайды.

Қаптаған университет, біліксіз маман

Білікті маманды кім дайындайды? Білікті кадр. Барлық жекеменшік университеттер білімді профессорлар тобын, білікті ғалымдарды таба бермеуі мүмкін. Белгілі хирург, профессор Жақсылық Досқалиев: «Елімізде алты медициналық университет бар. Ақтөбе, Алматы, Қарағанды, Семей, Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларында. Бұл – білікті мамандарды дайындайтын

QITÚRTKI

Әлеуметтік желі жарға жықпасын

Өміріміздің бір бөлшегіне айналып кеткен әлеуметтік желінің басымдығы бүгінгі күнде аса қажеттілік екенін білсек те, залалы һәм кері ықпалына тоқталып кетсем деген ой көптен көңілді күпті еткені рас. Осы мақаланы газетке бастырсам екінің бірі оқи алмауы мүмкін. Тіпті оқыған күнде көпке тарай бермейді. Ал әлеуметтік желінің қуаты сол – лезде «айшылық жерлерде» отырған адам жазбаңмен таныса алады. Өтірік жазу, жанкештілік таныту, әйел адамдар өз суретінің орнына сұлу қыздар бейнесін салу, өз суретін фотошопп арқылы өңдеу, алдап-арбау жанаша сипат алып жұртты жанылыстыра бастады. Жұрт жасандылыққа иланатын болды. Әлеуметтік желінің мақсатының өзі – желіні пайдаланушы тұлғаны неғұрлым өзіне тарту, уақытын алу, көбірек тәуелді ету. Бүгінде осындай тәсіл арқылы желілер қыруар қаржы тауып, арнайы қызмет түрлеріне жарнама жасауда. Адамдар алтыннан қымбат уақытының басым бөлігін ұялы телефон шұқылаумен немесе компьютер мониторының алдында өткізуде. Бұл – ғаламтордың құдіреті. Тіпті жұмыс барысымен ғаламтор пайдаланғанның өзінде сіз бірер минут ішінде телефон арқылы қонырау шалып шешетін шаруаңыздан әлдеқайда көп уақытыңызды сарп етесіз. Мұның жанында компьютерлік бағдарламанызды бұзып алу қауіпі және бар. Бұл қауіптен (жұқпалы вирус тарату, хакерлердің шабуылы) ешкім сақтандырылмаған. Тіпті компьютеріңізде техниканың гигиенаны қатаң сақтағаныз да ғаламтор ауруына шалдығу әп-сәтте. Тағы бір «бас ауруына» шалдықтырар тұсы «контенттік қуғынға» түсуіңіз. Яғни жағымсыз жаналықтар тасқыны, өмір сүріп отырған ортанды жамандау, ғайбат сөздер, үркітетін үрейлі сөйлемдер мен осы тәкілеттес парықсыз пікірлер. Желідегі паракшаңыз жағымсыз ойлар мен пікірлерге толмай, оның орнына өз кәсібіңіз туралы, жануаңыз жайындағы жағымды жаналықтарға толы болған абзал.

Өзіңізді дамыту мен үнемі біліміңізді толықтыру



бірден-бір оқуы орындары. Медицина университеті бола тұра, жекеменшік оқу орынында медицина факультетін ашудың қажеті жоқ. Өйткені дәрігерді дайындау үшін аудитория жинау маңызды емес. Бірінші, қаражат керек. Ол қаражат түрлі аппаратураларды, лабораторияны жасақтау үшін қажет. Одан бөлек, студенттерге сабақ беретін мамандар да тапшы. Нағыз білікті профессорлар, ғылым докторларынан тәлім алған студенттерден ғана білікті маман шығады. Бізде мықты алты университет болса, сол елімізге жеткілікті. Дәрігер дайындаймыз деп, академия, университеттерді қаптата беруге болмайды. Өйткені оның сапасы ертең сын көтере алмайтын жағдайға жетеміз» дейді.

Дәрігердің білімі аз болса, науқасқа дұрыс диагноз қоймаса, оған кінәлі кім? «Бұл тұрғыда әуелі дәрігер дайындауға жауапты адамдарды жазалау керек», – дейді «Балалар хирургиясының атасы» Камал Ормантаев. Балалар арасында жүйке ауруы белең алғанын айтып жүрген де Ормантаев. «Енді бір он жылда балаларға дұрыс диагноз қоя алмайтын дәрігерлер көбейе ме деп алаңдаймын. Қай жастағы балаға қандай өлшеммен дәрі беру керек екенін игеріп үлгермеген шала педиатрлар бала өліміне себепші болуы мүмкін. Қазір көп ата-ана дерті асқынған балаларын шетелде емдетіп жүр. Соның өзінде денсаулығы жақсарып кететіндері сирек» дегені бар-ды. Камал Ормантаевтың бұл пікірі әлі де құнын жоғалтқан жоқ. Елімізде педиатр мамандардың азайғанын айтып, БАҚ беттерінде талай жазды. Өрі нақты диагноз қоя алмайтын дәрігерлердің де адам емдеп жүргенін, білімсіз дәрігерлер көбейгенін де шырылдап жеткізген еді.

Дәрігер мамандығы тапшы. Есесіне, дәрігерлерді дайындайтын оқу орны көп. Онда статистика неге екі түрлі? Кадр тапшылығын жоюдың жалғыз жолы – медицина факультеттерін көбейту ме?

Білім берудің сапасы жөнінде «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ басқарма төрағасының орынбасары Ерік Байжүнісов өзінің әлеуметтік желідегі паракшасында: «Біз әр аймақта және әрбір жоғары оқу орнында медициналық факультеттер ашуды бастадық. Кезінде медицина институттары Пастер, Павлов, Мечников және тағы басқа әйгілі ғалымдардың айналасында құрылды. Олардың арасында Нобель сыйлығының лауреаты болды. Яғни, білім мен ғылымның мықты ТЕМПІ болды. Кейін соғыс және репрессия кезінде Орталық Азия елдерінде, Қазақстан мен Сібірге жер аударылған ғалымдармен байланысты болды. Сол себепті де ондағы білім деңгейі ең жоғары деп саналды. Қазір ше? Батыста студенттер 16 жыл оқиды. Жылына 200 мың доллар табады. Бізде мамандар институт бітіреді, сосын қайда барады? Негізінен фармацевтикалық бизнесте, жеке ұйымдарда қызмет атқарады. Неге? Кім «бір тиын» үшін жұмыс істегісі келеді? Бұл дұрыс та шығар. Алайда тек ақшаны ойлайтын адамнан жақсы дәрігер шыға ма? Оған ұнай ма, жоқ па, бірақ біздің мықтылығымыз шеберлігімізге байланысты. Дәрігердің де лайықты жалақысы болар деген үміттемін. Бізге қаншама мекеме үстеп, сонша дәрігер даярлау керек пе? Санның орнына сапаны таңдайтын уақыт жетті. Оларды қанша жыл оқытатынымыз маңызды емес. Әрі кім және кімді оқытатынымыз да басты мәселе емес. Дәрігерлік кәсіп адамның жүрек қалауымен орындалатын мамандық. Яғни, адамның сенімі маңызды. Жақсы дәрігер болуы үшін жақсы адам болуы тиіс. Сондықтан біз жақсы адамдарды, яғни зиялы, білімді, парасатты әрі өз кәсібін сүйейтін жандарды тәрбиелеуіміз керек. Сол себепті де тарихи атауы бар университеттер ғана қалып, қалғанын жапқан дұрыс. Бұл – менің жеке пікірім» деп жазады. Байжүнісовтің пікірі орынды.

Р.С. Бізге білікті кадр, білімді маман керек. Ал бір дәрігердің қателігі – бүкіл Қазақстан медицинасының атына кір келтіруі мүмкін. Сол себепті де адам тағдырын сеніп тапсыратын жандардың парасатымен қатар, дәрігерлік сауаты да жоғары болғаны маңызды. Сондықтан адам өмірінің арашасысы, денсаулық ісінің дәнекері саналатын кәсіби білікті дәрігерлерді тек қана арнайы бағдарланған жоғары оқу орындарында оқыту қажет деп білеміз. «Маман тапшы» деген желеудің жетегінде кетіп, топырлатып диплом берудің қажеті жоқ. Қаражатты Қазақстандағы алты бірдей медицина университетінің клиникалық, қаржылық, ұйымдастырушылық мүмкіндіктерін дамытуға жұмсаған жағдайда ғана ұлтымыз ұтысқа шығады.

Гүлзина БЕКТАС,

журналист

(«*Aiqun*» газетінен алынды)

Бірқатар азаматтар қымбат отельге барып селфилетіп, тіпті танымал адамның жанында шаңқайып сурет жүктеп «танымал» болғысы келетін «жалған перфекционист» болып шыға келеді. Ең қауіпті құбылыс – әлеуметтік желіге телмірген жастардың қатары көп, бүгінде. Қауіптенетіндей жағдай. Бұл жастарды кері ағымдар ықпалымен мемлекетшілдікке қарсы, қоғамдық құрылысқа қарсы бағыттауға күш салуы мүмкін. Сондықтан да бізге абайлау керек. «Сактансан – сактаймын!» дейді. Ертен күлдібадам дүниеге ғана қызығатын ұрпақ өмірге келмес үшін жеңілтек желіден гөрі саликалы ой айтатын, пайдалы контентке толы сайттарға, рухани байлыққа толы ғаламтор жүйесіне бүгіннен бет бұрғанымыз оң болар.

Арман ЖУСАНБАЕВ



ҚЫСҚА-НҮСҚА: Алматылық мұғалімдер 2021 жылды «Ұстаз жылы» деп жариялауды ұсынды.

Мұғалімнің беделі заңмен көтеріле ме?

Алдымен, кештеу болса да, педагог мәртебесі туралы мәселе қозғалып, оның Заңмен қорғалатыны көңіл қуантады. Заң жобасы бес бағыт бойынша түзілген – материалдық және материалдық емес ынталандыру, әлеуметтік кепілдіктер, ұстаздардың құқықтарын кеңейту және жүктемені азайту. Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов үкімет отырысында жасаған баяндамасында Заң жобасын әзірлеу кезінде 18 мыңнан астам ұсыныс талданғанын атап өтті. Барлық ұсыныстың мұғалімдер мен сараптамалық қоғамдастық өкілдері ортасында кеңінен талқыланғаны да айтылады. Барлығы дұрыс сияқты. Дегенмен жаңа заң мұғалім мәртебесін расымен де көтере ме деген сауал көңілден кетпейді. Бұл сауалдың туындауының да өзіндік себебі бар.

«Ел боламын десең, бесіңді түзе» дейді халық даналығы. Мектеп – бүлдіршінді білім әлемінде тербетіп, үлкен өмірге дайындайтын қасиетті орта, кастерлі орын. Қазақтың ұлы педагогы Ыбырай Алтынсарин айтқандай, «Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі». Осы баға жетпес қымбат қасиет-қадірінен мұғалім қашан, қалай айырылып қалды? Оны заңмен қалпына келтіруге бола ма? деген күдік көпшіліктің көкейінде тұрғаны жасырын емес.

«Педагог мәртебесі туралы» заң жобасының тұжырымдамасында оның жасалу барысында ізденістер, шетелдік тәжірибелер негізге алынғандығы көрсетілген. Мәселен, Сингапур мен Нидерландыда мұғалімдер біліктілігін арттыруға жылына 100-166 сағат бөлінсе, Оңтүстік Кореяда мұғалімдердің 92 пайызы жұмыстан көп үзбей-ақ біліктілікті арттыру курстарынан өтеді екен. Бұдан түйетін ой: әлемнің қай түкпірінде де мұғалімнің білімі мен біліктілігі алдыңғы орында тұрады. Мықты маман оны дамытып, өзгерістерді жете меңгеріп, өмір ағымынан қалыспауы тиіс. Ең бастысы – мұғалім мемлекет қамқорлығында. Жақында «Жас Алаш» газетінде «Ұлыбританияда мұғалімдер көше сыпырмайды» деген атпен сұхбат жарияланды. Сұхбат беруші – аталған елге барған отандасымыз, PhD студенті Гүлжан Кәрібаева. Онда Англиядағы мектептегі білім беру жүйесі туралы жан-жақты айтылған. Соның ішінде ерекше назар аударатын екі мәселе бар. Біріншісі – мектептегі тәртіп. Балалар бірін-бірі ұру түгіл жаман сөз айтпайды, егер баланың былапыт сөз айтқанын естісе, жиналысқа салып ескерту жасайды. Бұдан қорықтыңды шығармаса, мектептен шығарып жібереді. Ал төбелесе, мектептен қуады. Мұндай жағдайда мұғалім дауыс көтереді, ұстаз балаға ұрсуды деген түсінік жоқ. Екіншісі – сабаққа қатысу, бала сабақтан себепсіз қалса, ата-ана айыппұл төлейді. Ең бастысы, осының бәрін мектептің әкімшілігі орындайды, ал мұғалім – тек білім береді. Осындай жағдайды Пекин Ұлттар университетінен де көрген едік. Ондағы профессордың жылдық жүктемесі – 219 сағат. Онда куратор, эдвайзер деген түсінік жоқ. Оғаш қылық жасаған оқушы немесе студенттің тәртібінмен арнайы мамандар айналысады екен.

Тұжырымдамала Оңтүстік Кореяның тәжірибесі жайлы да айтылады. Кезінде аталған елден келген студенттермен әңгімелескенім бар. Олардың таңдаған мамандығы – мұғалімдік. Өйткені, педагогтік таңдаған мемлекетте үлкен беделге ие. Біріншіден, бұл елде мұғалім бір отбасының бар жағдайын дөңгелетіп әкете алады, тұрақты жұмыс орны болып табылады. Екіншіден, бизнеспен айналысуға ол саладағы тұрақсыздық ықпалын тигізеді.

Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады, әрине. Көріп жүрміз, естіп жүрміз. «Педагог мәртебесі туралы» заң жобасын талқылау барысында мұғалімдердің жүктемесін азайту, дәптер тексеру, сынып жетекшілігі үшін үстеме ақы, зейнетке шығу мерзімі, баспанамен қамтамасыз ету сынды мәселелер кеңінен талқыланды.

«Заң жобасын әзірлеудің негізгі идеясы – мұғалімдердің жүктемесін азайту, оларды өздеріне тән емес жұмыстарды орындаудан босату арқылы өзін-өзі дамытуға және шығармашылыққа мүмкіндік беру» делінген тұжырымдамда. Хош! Ал министр Аймағамбетов былай дейді: «Мұғалімдердің қасиеті тұрғыдан дамуына және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жағдай жасау жооспарланған. Педагог мәртебесін арттыру оларды ынталандыру міндеті де көзделеді». Орынды ұсыныс. Расын айту керек, заңның мұғалім мәртебесіне қатысты жақсы тұстары жетерлік. Десе де көпшілік тарапынан түсіп жатқан жобаның қазақшасына күмән келтіріліп, «ұстаз мәртебесінен гөрі білім саласының айналасындағы көптеген әктілерді қайталайды», «нұсқаулық, ережелердің тармақтарын апарып, жаны заңға қоса салғандай көрінеді», «заң бар-жоғы бес беттен аспай, тек ұстаздарға, оның мәртебесіне ғана қатысты болу керек» тәрізді күмәнді пікірлер айтылып жатыр. Ұстаздар тарапынан.

PARASAT

«Қыздың абыройы түскен елде...»

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, белгілі айтыскер ақын, «Асыл арна» телеарнасының бас директоры Мұхамеджан Тазабек Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің студенттерімен кездесті.

Дидар АСХАТҚЫЗЫ,
«Qyzdar Universiteti»

«Қыз өссе елдің көркі» тақырыбында өткен жиында Мұхамеджан Тазабек еліміздің бүгіні мен болашағы, қазіргі қоғамның бет-бейнесі турасында кеңінен әңгіме өрбітті. Ұлттық деңгейде ойлау, мемлекеттік сананы қалыптастыру, қазақы салт-дәстүр, өзіндік болмысымызды сақтау сынды кастерлі құндылықтарды дәріптеуге үндеді.

Кешегі Мұхаммед Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұн, Төле билерді, тау тұлғалы Тұрар Рысқұловты, батыр Бауыржан Момышұлын, қабырғалы қаламгерлер Шерхан Мұртаза мен Әбіш Кекілбайұлын, ұлы аналарымыз Домалақ, Зере, Ұлжанды бүгінгі тұлғатеккендерге үлгі ете сөйледі.

«Қыз деген – гүл. Бірақ бағбаны болмаса гүлдің де ғұмыры қысқа. Бір гүлдің бұр жаруы үшін көктем күн нұрын, жерден топырақ құнарын, көлдер суын беріп, бағбаны баптап, жан-жағын қоршап еңбектенеді. Демек гүлге теңегендігін тек әдімділік үшін деп ойласақ қателескеніміз. Бұл үлкен жауапкершілікті мензейді. Құрмет көргені жинайды, көрмегені солады. Қыз өссе елдің көркі. Бірақ дұрыс өссе... Ал оны дұрыс өсіру әрбір ата мен әкеге, аға мен ініге, сізге, бізге жалпы азаматтарға аманат... Расында әдімділік, әдептілік, арлы, ибалы, деген керемет сөздерді естігенде есімізге кім түседі? Сұлулықтан бұрын тәуелсіз еліміздегі ең үлкен қазынамыз, ең үлкен капиталымыз не, біліміз бе? Үйде жүрсең жағдайың, түзде жүрсең тілекің кім? Ол әрине, кешегі батыр бабаларымыз жанын қиып, аналарымыз барын қиып қорғаған қарақөздеріміз. Қыздың абыройы түскен елде, ердің абыройы көтерілген емес. «Қырық үйден тыйымның» өз қыздың қырық қарауылы, жан-жағының жанашыға толы екеніне бағытталған. Кейде қымбат телефон алсақ та сыртын қаптап, бетін терезелеп, күннің көзінен, баланың қолынан қорғап, қолымыздан тастамайтынымыз жасырын емес. Ал

Ұлтымыздың ұлы ұстазы, ағартушы-ғалым Ахмет Байтұрсынұлы 1914 жылғы 14 мамырда «Қазақ» газетінде жариялаған «Мектеп керектері» мақаласында бүгінгі күні көтеріліп отырған мәселелерді айқындап берген екен. «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы» дейді Ахан. Ғалымның айтуынша, бірінші керек – білім. Екіншіден, «оқу ісіне керек құралдар қолайлы, һәм сайлы



болуы. Құралсыз іс істелмейді һәм құрал қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы». Үшіншіден, «мектепке керекті – белгіленген программа. Әр іс көңілдегідей болып шығу үшін оның үлгісі я мерзімді өлшеуі боларға керек.Үлгісіз я мерзімді өлшеусіз істелген іс олпы-солпы, я артық, я кем шықпақшы. Керексіз нәрселерді үйретіп, балалардың өмірін босқа өткізбес үшін, үйретерге тиісті білімді кем үйретпес үшін, балалардың күші жетпейтін өте алысқа сүйреп кетпес үшін, бастауыш мектепте үйрететін нәрселердің кесім-пшімі болуға тиіс. Сол пішім программа деп аталады».

Қазақ елі ғасырдан астам бұрын айтылған осы тұжырымды әлі игере алмай жүр. Ел даналарының сөзін зерттеп-зерделеуден гөрі алыс-жақын шет мемлекеттердің тәжірибесін әкелуді мақұл көреді. Осы орайда ойға оралады, Қуаныш Тастанбекова есімді жапон тілінің маманы бүгінде Жапонияда тұрады. Оның айналысатын саласы – білім беру жүйелерін реформалау. Білімді жастың айтуынша, реформа жасаудан Қазақстан әлемдегі алғашқы орындардың бірінде. Ал Жапонияда білім беру бағдарламаларына өзгеріс он жылда бір рет жасалады. Оның ішінде тек толықтырылады. Негізгі құрылым өзгеріссіз қалады. Бағдарламалар мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орындарының оқытушыларының, ғалымдар мен баспагерлердің бірлесуімен жасалады және оны даярлауға бірнеше жыл жұмсалады.

Мұғалім мәртебесі туралы сөз қозғағанда педагогикалық оқу орындары туралы айтқан жөн. Білім беру жүйесі – бөлшектенбейтін біртұтас жүйе, тәрбиеші-педагог мәртебесі балабақша тәрбиешісі мен мектеп мұғаліміне де оқытушы-профессорға да ортақ. Сондықтан осы жүйені тұтас қарастырылғаны оң болар еді. Ілгеріде ақсақалдар «мұғалім бол!» деп бата беретін. Жастар ұстаздың алдын кесіп өтпейтін. Ұстаз мәртебесі деген осы шығар, бәлкім?!

Мереке АТАБАЕВА,
филология ғылымдарының докторы, профессор

Ұстаз – ұлы тұлға. Десе де...

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Білім саласы – экономиканың дамуына ықпал ететін маңызды бағыт, тіпті, экономиканың толыққанды бір саласы деп айтуға болады. Дегенмен, бүгінде түйіні шешілмеген бірқатар мәселелер бар. Қала мен ауыл мектептерінің білім беру саласында әлі күнге дейін айтарлықтай алшақтық сақталып отыр. Кәсіби білікті мамандар тапшы, түлектердің көпшілігі еңбек нарығының талаптарына сай келмеуде. Аталған мәселелерді шешу үшін «Педагогтың мәртебесі туралы» Заң жобасы әзірленіп жатыр» деген еді. Осыған орай жуырда

бекақысы 4 жылда екі есеге көтеру туралы үкіметке тапсырма берді. Бүгінде мұғалімдері ең жоғары жалақы алатын Израиль, Жапония, Оңтүстік Корея сияқты елдерде ғылым және білім саласы өте жоғары дәрежеде дамыған. Бүгінде біздің елімізде мұғалімдердің жалақысы ең төмен деңгейде қалып отыр және экономика бойынша орташа жалақының 65 пайызын ғана құрайды. «Сондықтан үкіметке білім саласына білікті мамандарды тарту үшін және мұғалім мәртебесін көтеру үшін жалақыны төрт жыл ішінде екі есеге көбейтуді тапсырамын», деді Қазақстан Президенті.

Сонымен қатар сынып жетекшілігі мен бірге дөптер тексергені үшін жалақыны екі есеге көтеру, еңбек демалысын мерзімінен 56 күнге дейін ұзарту мұғалімдер қауымы үшін маңызы өте зор. Қасым-Жомарт Кемелұлының ұстаздар қауымының еңбекақысын көтеру туралы бастамасын үлкен қуанышпен қабылдадық. Себебі жалақы жоғары болса аталған салаға білікті де білімді мамандар көптеп тартылады.

Мемлекет басшысының айтуынша, білім сапасын көтеру үшін кешенді шаралар қабылдау қажет. Бұл алдымен, мұғалімдердің біліктілігіне, оқулықтардың сапасына, заман талабына сай инфрақұрылым мен материалдық қорға байланысты мәселелер. Аталған бағыттар бойынша тиімді жұмыс істеу қажет, яғни туындаған мәселелерді дер кезінде анықтап, оларды шешудің онтайлы жолдарын ұсыну керек деген пікірде Президент. Сондай-ақ Тоқаев мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу жүйесінің сапасын арттыруды, орта білім беруді одан әрі дамыту стратегиясын айқындау жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды.

Жиында қоғамда талқыланып жатқан үш тілді білім беру мәселесі қарастырылды. Өрине қоғамда үлкен резонанс тудырып жүрген мәселенің бірі – үш тұғырлы тіл саясаты еді. Белгілі ғалым, тіл маманы, академик Рәбиға Сыздықованың айтуынша, мектеп талбалдырығын атаған бала ана тілінде ғана сөйлеу керек. Бала бастауышта орыс тілінде де емес, ағылшын тілінде де емес, тек қана ана тілінде оқу керек. Ал Президенттің пайымдауынша, бұл мәселені ата-аналардың өздерінің шешкені дұрыс және шет тілін 5 сыныптан бастаған жөн. Тіл – қасиетті тақырып, нәзік және күрделі. Оның мәртебесі де бөлек. Біз Президенттің үштілділікке қатысты ұстанымын толық қолдаймыз.

Жасыратыны жоқ, мұғалімдерге бұл күндері бала да «қожа», ата-ана да «бастық», әкім де бұйрық беруге әуес. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мұғалімдерді міндетінен тыс жұмысқа жетегін әкімдер мен мекеме басшыларын да сыңға алды, басқо суда. Жергілікті әкімдер мен мектеп директорлары өздерінің қызмет бабын пайдаланып, мұғалімдерді білім жүйесіне қатысы жоқ әкімшілік істерге тартады. Президент осы мәселені шешуді жергілікті әкімдерге жүктеді. Аталған мәселе өз нәтижесін береді деп ойлаймын. Үкіметке осы аталған жайттарды тез арада шешуді міндеттеді. Сондай-ақ басқосуда үкімет пен әкімдерге білім берудің сапасы мен мектептердің материалдық-техникалық базасы жағынан қала мен ауыл мектептерінің арасында ешқандай айырмашылық болмауы туралы да айтылды.

Сонымен келесі жылдан бастап қолданысқа енгізілетін «Педагог мәртебесі туралы» заң талаптары өте орынды және барлығымыздың ойымыздан шықты. Тек орындалса құба-құп.

Әділхан МӘУИ,

биология ғылымдарының докторы, профессор

RYHANI JANGYRY

Жасампаздықтың жарқын жолы

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы еліміздің дамуының жарқын үлгісі мен нақты бағыттары мен қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат.

«Ұлы мақсаттарды өзінің алдына ұлы халық қана қоя алады!» – деп Елбасымыз, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын көрсетті. Бұл бағдарламалық мақалада «Бәсекеге қабілеттілік», «Прагматизм», «Ұлттық бірегейлікті сақтау», «Білімнің салтанат құруы», «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы» және «Сананың ашықтығы» сынды бағыттар көрсетілген. Белгіленген бағыттардың аясында мемлекетіміздің дамуына үлес қосу әрбір Қазақстан азаматының үлкен парызы деп ойлаймын. Мәңгілік ел болуымыз үшін бізге ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркендетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат.

Ел ертеңі – білімді жастар. Біз дәл қазіргі кезде өз білімімізді жан-жақты жетілдіруіміз керек. Ол – болашағымыздың негізгі қадамы. Сонымен қатар мақалада «Мәдени мұра» мақаласы да негізге алынып қарастырылған. Елбасымыз айтқандай: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс». Міне, осы орайда руханияттың алтын ордасы, тарихи құндылықтардың жинтығы, рухани қазына орталығы – кітапхананың маңызы ерекше. Ал кітапханалардың қорында біз ертеден қалған тарихи жинақтар, көне тілдердегі сирек кездесетін қолжазбалар, құнды деректер сақталатынын білеміз. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы мен Қазақ ұлттық қыздар педа-

гогикалық университетінің Ғылыми кітапханасы көптеген іс-шаралар өткізді. Жүзеге асырылған істер кітапты насихаттауды, өскелең ұрпақтың рухани дамуын насихаттайды. Сонымен қатар бұл орайда кітапханадағы буккросингтің ашылуын, ұрпаққа үлгі көрсету негізіндегі көптеген кездесу кештерінің өткізілгенін атап айтсақ болады. Кітап – рухани жаңғыру құралы, ал кітапхана – рухани дамуымыздың, ұстанымымыз бен бағдарымыздың негізі.

Ұлтына, нәсіліне, сенімі мен нанымына, саяси көзқарасы мен ұстанған бағыт-бағдарына қарамастан республикамыздың әрбір азаматы өзі өмір сүріп, ауасын жұтып, игілігін пайдаланып отырған мемлекетін «туған елім, Отаным» деп тануы қажет. Елдің салт-дәстүріне құрметпен қарау, оның тілі мен ділін, дінін сыйлау, заңдарына бағыну, рәміздерін ардақтап, жетістіктеріне шаттану – қоғамның әрбір мүшесінің парызы. Бұлай деп айтуымыз бекер емес. Өйткені бүгінгі жастар өз елінің тарихы мен географиясынан, белгілі тұлғаларынан гөрі шетелдік эстрада жұлдыздарын жақсы біледі. «Америкалықтар өз елдеріне қатысты нәрсенің бәрін дүние жүзінің ең үздігі деп есептейді. Мемлекеттік рәміздерінен бастап, шайнайтын сағызға дейін» деген тәмсіл бар. Бұл – америкалық патриотизмнің айқын үлгісі. Өрине, ешкімді де елін, жерін, Отанын зорлықпен немесе жалынып-жалбарынып сүйгізе алмайсың. Елжандылық, туған жерге деген құрмет – әркімнің дербес парызы, ар-ұятының ісі. Патриотизм – санаға біртіндеп қалыптасатын, тынымсыз тәрбиенің нәтижесінде орнығатын ұлы сезім. Әркімнің өскен ортасына, қалыптасқан қоғамына қарай түрліше дамып, алуан сатылы деңгейде болатын, үздіксіз тәрбиенің жемісі.

Гүлмира НҰРЖАНОВА,
педагогика ғылымдарының кандидаты

ҚЫСҚА-НҰСҚА: «75 жылға – 75 игілікті іс» жобасы аясында жалпыуниверситеттік сенбілік өтті.

АҰҰР АТЛЕТИКА



Ел спартакиадасында топ жарды

Жуырда Талдықорған қаласында ауыр атлетикадан Қазақстан Республикасының V Спартакиадасы өтті. Турнир қорытындысы бойынша Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Педагогика және психология факультетінің 2-курс студенттері Айзада Мүптілді мен Әйгерім Ауылбек өз салмақ дәрежелері бойынша бірінші орынға ие болды.

Маусымның басты додасы Талдықорғандағы «Жастар» спорт сарайында өтті. Білектің күші сыңға түсер бәсекеде Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген 200-ден астам атлет өзара мықтыны анықтады.

55 келі салмақ дәрежесінде сыңға түскен Әйгерім Ауылбек 168 келіні еңсеріп, топ жарды. Аталған салмақ дәрежесінде сыңға түскен Акмола облысының тумасы Диана Жүсіпбекова 165 келіні көтеріп, екінші орынға ие болса, Түркістан облысының атынан қатысқан Диана Абдуллаева үшінші орынды місе тұтты.

7 тамыз күні шаршы алаңға шыққан Айзада Мүптілді 87 келіден жоғары салмақ дәрежесінде өнер көрсетіп, қос сайыс қорытындысы бойынша өз тобында «жүзден – жүйрік, мынанан – тұлпар» шықты. Күміс және қола жүлдені Любовь Ковальчук пен Айсамал Сансызбаева иеленді.

«Биылғы турнир жылдан жылға зілтеміршілердің көбейіп бара жатқанын көрсетті. Әсіресе, бүгінде ауыр атлеттердің арасында қыздардың қарасы басым. Менің ойымша, бұл жақсы үрдіс. Осы орайда айта кетейін, Қыздар университетінің ауыр атлеттері соңғы жылдары халықаралық, республикалық бәсекелерде жиі топ жарып жүр. Атап айтқанда, Талдықорғанда өткен жарыста қарсыластарын қапыда қалдырған қыздар оқу орнында «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша білім алады», – дейді «Ұстаз» спорт клубының басшысы Сәдуақас Шыңғысбаев.

VOLEIBOL



Бойжеткендердің бағы жанды

Алматы қаласында жағажай волейболынан чемпионат мәреге жетті. Оңтүстік астанадағы жоғары оқу орындары арасында ұйымдастырылған сайыста Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің студенттерінен құралған команда жеңімпаз атанды.

21-22 қыркүйек күндері аталған спорт түрінен өткен студенттік лига ойындарында 12 жоғары оқу орнының спортшылары бап сынады. Олимпиадалық ереже бойынша жүргізілген жарыстың іріктеу кезеңінде Қыздар университетінің құрамасы қарсыластарына есе жібермей жартылай финалға жолдама алды.

Жартылай финалда оқу орнының командасы Қазақ спорт және туризм академиясының волейболшыларымен кездесті. Тартысты өткен ойында педагогикалық университеттің бойжеткендерінің асығы алшысынан түсіп, 1:2 есеп нәтижесімен жеңіске жетті.

Финалда Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті мен Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің спортшылары өзара мықтыны анықтады. Алтын медаль үшін өткен ойында арулар ордасының волейболшыларының айы онынан туып, жеңіс тұғырына көтерілді. Есеп – 2:1, 5:4, 15:10, 16:14.

Айта кетейік, Қыздар университетінің құрама командасын жарысқа Дене шынықтыру және спорт кафедрасының аға оқытушысы, волейболдан ҚР спорт шебері Сәуле Нүрпейісова дайындады.

Бұл жағажай волейболынан педагогикалық білім ордасының ең ірі жетістіктерінің бірі екендігін атап өткен жөн.

ФОТОЭТЮД



QAIYRYMDYLYQ

Ардагерлерлер ардақталды

Нур Отан партиясының «Ардагерлерді ардақтайық!» атты әлеуметтік жобасын қолдау мақсатында Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде қайырымдылық шара өтті.

Оқу орнының ректоры Гаухар Алдамбергенованың ұйытқы болуымен ұйымдастырылған игілікті іске Алматы қаласындағы «Қарттар үйіндегі» қариялар келді. Олар үшін «Ұлпан» асханасында арнайы дастархан жайылып, эстрада жұлдыздары мен университеттің студенттік өнер ұжымдары концерттік бағдарлама ұсынды.

Басқосуды Қыздар университетінің ректоры Гаухар Алдамбергенова ашты. Ол ұрпақтар сабақтастығын сақтауда осы тапкілеттес шаралардың маңызы зор екендігін ерекше атап өтті.

«Еліміздің білімі мен ғылымының дамуына үлкен үлес қосып келе жатқан – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті тағы да бір игілікті, жастар үшін тағылымды іске мұрындық болып отыр. Ұлтымыздың ұйытқысына айналған ұлағат ұясында өтіп отырған бүгінгі жиынның мәні де, маңызы да – бөлек. Қазақ – дария кеуде қариясын сыйлаған ұлт. «Қарты бар үйдің – қазынасы бар» дейді біздің халық. Расында да, аға буын – тәлім мен тәрбиенің, ұлылық пен ұстамдылықтың, парасаттылық пен байсалдылықтың символы. Алдыңғы толқын ағаларға ілтипат көрсету біздің буынның міндеті, борышы. Үлкенді сыйлаған ұлтымыздың осы бір ерекшелігін жаңғыртып, студенттерімізге үлгі болсын деген ниетпен Нур Отан партиясының «Ардагерлерді ардақтайық!» атты әлеуметтік жобасына қолдау көрсетіп, игілікті істен шет қалмауды мақсат тұттық. Дана халқымыз айтқандай, қариясы бар жаңуа – шынында да, қазыналы, берекелі жаңуа. Десе де бүгінде қараусыз қалып, қарттар үйін мекендеген ата-әжелер қарасының артқаны ащы да болсын шындық. Шындықтан қашып құтыла алмайтынымыз тағы бар. Менің ойымша, өмірдің соңы осылай аянышты аяқталмау үшін өскелең ұрпақтың тәрбиесіне жете мән бере отырып, оларды имандылыққа, адамгершілікке баулу қажет. Тек сонда ғана өз ата-анасын сыртқа тепкен балалар азайып, ибалы, инабатты келіндер көбейер еді», – деді Гаухар Алдамбергенова.

деті, борышы. Үлкенді сыйлаған ұлтымыздың осы бір ерекшелігін жаңғыртып, студенттерімізге үлгі болсын деген ниетпен Нур Отан партиясының «Ардагерлерді ардақтайық!» атты әлеуметтік жобасына қолдау көрсетіп, игілікті істен шет қалмауды мақсат тұттық. Дана халқымыз айтқандай, қариясы бар жаңуа – шынында да, қазыналы, берекелі жаңуа. Десе де бүгінде қараусыз қалып, қарттар үйін мекендеген ата-әжелер қарасының артқаны ащы да болсын шындық. Шындықтан қашып құтыла алмайтынымыз тағы бар. Менің ойымша, өмірдің соңы осылай аянышты аяқталмау үшін өскелең ұрпақтың тәрбиесіне жете мән бере отырып, оларды имандылыққа, адамгершілікке баулу қажет. Тек сонда ғана өз ата-анасын сыртқа тепкен балалар азайып, ибалы, инабатты келіндер көбейер еді», – деді Гаухар Алдамбергенова.

DÓNGELENGEN DÚNIE

Қытайдағы ең ауқатты адамдардың бірі ДЖЕК МАНЫҢ ұлына жазған хаты



Саған бұл хатты жазуыма 3 нәрсе себеп болды:

- Тағдырды болжап болмайды, ешкім де өзінің канша өмір сүретінін білмейді, сондықтан кей нәрселерді ертерек айтқан дұрыс.
- Мен сенің өкенмін, мұндай ақыл-кеңесті саған мен айтпағанда, кім айтады.
- Саған айтатындарымның барлығы менің өмір жолымда кездескен кедергілерден алған сабақтарым, сондықтан осы сәтсіздіктерімді қайталамауың үшін пайдасы болар деп санадым.

1) Сені жактырмаған, саған нашар көзқараспен қараған адамдарға ешқашан реңжіме, өйткені шешен екеуімізден басқа ешкім де саған борыштар емес. Егер де біреу саған қамқорлық танытар болса, оны қадірлей біл.

2) Өміріңде кездескен кез-келген адамды немесе бағалы затты, басқа ешкім, ешнәрсе оның орнын басмайды деп қарама, осы көзқараста мықты болсаң болашақта асылыңнан айырылып қалсаң да сабырлы бола аласың.

3) Өмір өте қысқа, дәл қазір уақытыңды босқа өткізіп жүргеніңді дәм-тұзың таусыла бастағанда білесің, өмірді қаншалықты ертерек қастерлей бастасаң өмірден алатын ләззатың да соншалық көп болады. Ұзақ өмір сүруді армандағаннан гөрі уақытты үнемдей білген дұрыс.

4) Махаббат деген бір түрлі сезім ғана, бұл сезім уақыттың өтуімен, жасаған ортаңның ауысуымен бірге өзгеріп отырады. Егер күндердің бірінде сүйгеніңнен айырылып қалсаң сабырлылықпен күт, уақыттың өзі барлығың ұмыттырады, көңілің де сабасына түседі. Махаббаттан бал жұтам деп өлермендеме беріліп те кетпе, махаббаттан келетін қайғыдан қабырған қайысып шөгіп те кетпе.

5) Көптеген табысқа жеткен кәсіпкерлердің білімі орташа болған, бірақ бұл құлшына үйренбеген адам да табысқа жете алады дегендік емес. Есіңде болсын білімің ешкім сенен тартып ала алмайтын ең мықты қаруың. Адам білімсіз де кәсіп жарата алады, бірақ білімсіз бәрібір де оны дамыта алмайды.

6) Қалған өміріңде мен саған мені бақ деп талап қоймаймын, дәл сол сияқты сен көмелеттік жасқа жеткен соң менің де жауапкершілігім аяқталады. Өмір бойы қоғамдық көлікпен жүресің бе әлде Мерседес мінесің бе, қара көже ішесің бе әлде май шайнайсың ба, ол өз қолыңда.

7) Өзің уәдеге берік бол, бірақ басқаларға бұл талапты қоя алмайсың. Басқаларға үнемі ілтипатпен қара, бірақ басқаларға да өзіңе жақсы көзбен қара деп талап қоя алмайсың. Сен оларға қалай қарасаң олар да саған солай қарай бермейді. Егер осы ақиқатты жете түсіне алмасаң өмірде басы артық келеңсіздіктерге ұшырай бересің.

8) Мен 26 жыл бойы лотерея билетін сатып алып келемін, әлі бірде-бір рет ұтқан жоқпын, тіпті 3-дәрежелі ұтысқа да жеткем жоқ. Бұл дегеніміз – адам табысқа жету үшін құлшына үйреніп, тынбай еңбек ету керектігінің дәлелі, мына әлемде ақы алмайтын асхана жоқ.

9) Өмір бір-ақ рет беріледі, сондықтан да ет жақын туысқандарыңды, жанашыр жақындарыңды қадірлей біл. Екеуіміз де мәңгі бірге бола алмаймыз, қара көз жұмылған соң ешқашан қауыша алмаймыз.

Бұл хатты оқып біткен кезде сенде екі таңдау болады:

- Біріншісі, сен мұны одан ары дамытып, өзіңе мәңгі азық болатын рухани көмекші етіп сақтайсың.
- Екіншісі, ештеңе оқымаған, көрмегендей болып бұрынғы өміріңді жалғастырасың».

(Фейсбук парақшасынан).

OTBASY

Қай жаста тұрмыс құрған дұрыс?

Отбасын құруға ең оңтайлы кезең – 20 және 29 жас аралығы. 26 жасты қоспаймыз. Өйткені дәл осы жаста жұптар арасындағы және отбасындағы қарым-қатынас ең алдыңғы қатарға шығады. Соның ішінде 23, 24, 25, 27 және 29 жастар шамасы некеге тұруға ең қолайлы мезгіл.

Нумерология жұптардың бірге өмір сүрген жылдарындағы орын алатын қиын сәттерді былайша топтастырады: 3, 8, 11 және 22 жыл.

Бірге болған 3 жыл – жұптардың өміріндегі алғашқы қиын кезең. Осы уақытта 2 эгоизмнің 1 арнаға тоғысқанын көруге болады. Әрқайсысы өз бетінше, өз қызығушылықтарымен айналысып жүреді де, одан әрі дамыын десе, қасындағы адам оған кедергі келтіретіндей көрінеді. Ерлі-зайыптылар осы кезеңді ештеңеге қарамай бағындыра алса, уақыт өте келе қарым-қатынастары жақсы дамып, өркендейді.

8 жыл – неке үшін қауіпті кезеңдердің бірі. Осы уақыт ішінде болған нәрсенің бәрі шексіздікке айналады. Бұрынғы қызық азайып, өзара бағасы жоғалады. Кейбір некелер ажырап та кетеді. Арада нағыз махаббат болса, бір-бірін бағаласа, бұл кездегі тоқырауды еңсеріп, қайтадан бақытты ғұмыр кешуге болады.

11 жыл – бұл да отбасы үшін қиын кезең. Өйткені алаңға екі бірлік және екі эго қайта шығады. Эго – шағым айту, менмендік, көп нәрсе талап ету, адамды өзіне бағындыру, өзін табуға деген ұмтылыс.

18 жыл – жұптардың өмірінде орын алатын өте ауыр мезгілдердің бірі. Бұл кезде адам үшін өмірдегі барлық құндылықтар қалыпты жағдай көрініп, махаббаттан басқа дүниенің бәрі өтеді. Өзімшілдік алға шығады. Жұптардың қарым-қатынасты жалғастыруға, мәңгі үйлесімде өмір сүруге деген ұмтылысы болса ғана бұл дағдарыстан шыға алады.

Бірге кешкен 22 жыл – шамадан тыс күш жұмсау. Яғни, жұптың ішіне тағы бір жұп әсер етеді. Ашық айтқанда, жылдар бойы дамып келе жатқан жұп пен ең әуелгі жұптар тартысы. Иеленген және дәмелінің арасындағы дау. Нәтижесі күткеніндей болмай, көңіл қалушылық жиі орын алады. Алайда ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасы жақсы болып, арада махаббат болса, адам өзі қалаған нәрсеге қол жеткізе алады.

Осылайша некедегі қауіпті кезеңдерді біле отырып, ажырасудан сақтануға болады. Жұптар бұл жылдары жай ғана бірге болуға тырысып, береке, бірлікті және махаббатты сақтай білу керек. Бірақ шын мәнінде некелі

Мекенжайы:

050000, Алматы қаласы, Әйтеке би көшесі, 99
Байланыс телефоны: 8 (727) 237-00-07

Газет «Qyzdar Universiteti» газеті редакциясының компьютерлік орталығында беттелді. «Дәуір» РПҚ ЖШС баспасында басылды.

Мекен-жайы: Алматы қ., Ш. Қалдаяқов к., 17

Байланыс телефоны: 8(727) 273 12 04

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:	РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:	МЕКЕНЖАЙЫ:
QYZDAR ҮНИВЕРСИТЕТИ Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті	Бас редактор Жандар АСАН Дизайнер Гүлчәһра ЖЕКСЕНБИ Фототілші Әбілқайыр ЗӘРУБАЕВ	Бағасы келісім бойынша. Таралымы – 1000 дана. Тапсырыс №1212 ► Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. ► Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. ► «Qyzdar Universiteti»-не жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 16.03.2012 ж. қайта тіркеліп, №12345-Г күәлік берілген.		